

Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Моңғолия арасындағы уақытша сауда келісімін ратификациялау туралы

Қазақстан Республикасының Заңы 2026 жылғы 17 ақпандағы № 265-VIII ҚРЗ.

2025 жылғы 27 маусымда Минскіде жасалған Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Моңғолия арасындағы уақытша сауда келісімі ратификациялансын.

*Қазақстан Республикасының
Президенті*

Қ. ТОҚАЕВ

Бейресми аударма

БІР ТАРАПТАН ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚ ПЕН ОҒАН МҮШЕ МЕМЛЕКЕТТЕР ЖӘНЕ ЕКІНШІ ТАРАПТАН МОҢҒОЛИЯ АРАСЫНДАҒЫ УАҚЫТША САУДА КЕЛІСІМІ

Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі "ЕАЭО" деп аталады) және Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы (бұдан әрі "ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер" деп аталады) және екінші тараптан Моңғолия:

ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер мен Моңғолия арасында өзара мүдделілікті білдірілетін салаларда өзара сауда ынтымақтастығы мен экономикалық ынтымақтастықты дамытуға және терендетуге ҰМТЫЛА ОТЫРЫП;

сауда қатынастары мен экономикалық қатынастарға негіз болатын нарықтық экономика қағидаттарына өзінің бейілді екенін және ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер мен Моңғолия арасындағы өзара тиімді сауда қатынастары мен экономикалық қатынастарды дамытуға белсене қатысуға және оларды кеңейтуге ықпал ету ниетін РАСТАЙ ОТЫРЫП;

ЕАЭО құқығына, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер мен Моңғолия заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне, сондай-ақ Дүниежүзілік сауда ұйымы (бұдан әрі "ДСҰ" деп аталады) қағидаларына сәйкес тауарлар мен капиталдың еркін өткізілуі үшін қажетті жағдайлар ЖАСАЙ ОТЫРЫП;

төмендегілер туралы УАҒДАЛАСТЫ

1-бап

Жалпы ережелер

1. Бір тараптан бірлесіп немесе жеке әрекет, ететін 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттан (бұдан әрі "ЕАЭО туралы шарт" деп

аталады) туындайтын тиісті құзырет салалары шеңберінде ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер мен ЕАЭО және екінші тараптан Моңғолия (бұдан әрі "Тараптар" деп аталады) осы Келісімнің Тараптары болып табылады.

2. Бір тараптан ЕАЭО мен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Моңғолия арасында еркін сауда режимін белгілеу мақсатында Тараптар осы Келісімнің ережелеріне және ДСҰ қағидаларына, атап айтқанда, 1994 жылғы Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімнің (бұдан әрі "1994 жылғы ГАТТ" деп аталады) XXIV бабына сәйкес өзара сауданы ырықтандырады.

2-бап

Мақсаттар

Осы Келісімнің қағидаттары мен қағидалары ескеріле отырып, оның неғұрлым егжей-тегжейлі айқындалған мақсаттары:

(а) Тараптар арасындағы тауарлар саудасын ырықтандыру және оңайлату, оның ішінде осы Келісімнің ережелеріне сәйкес тарифтік және тарифтік емес кедергілерді азайту немесе жою арқылы ырықтандыру және оңайлату;

(б) Тараптардың экономикалық және саудадағы өзара іс-қимылын қолдау;

(с) Тараптар арасындағы сауданы кеңейту мен әртараптандыруды ынталандыру болып табылады.

3-бап

Басқа да халықаралық келісімдермен арақатынасы

1. Осы Келісім мен 1994 жылғы 15 сәуірдегі Дүниежүзілік сауда ұйымын құру туралы Марракеш келісімінің (бұдан әрі "ДСҰ келісімі" деп аталады) ережесі арасында алшақтық болған жағдайда, ДСҰ келісімінің осы ережесі осындай алшақтық бөлігінде басым күшке ие болады.

2. Осы баптың 1-тармағында аталған алшақтық болған жағдайда, Тараптар өзара қолайлы шешім әзірлеу мақсатында дереу консультациялар жүргізеді.

4-бап

Тауарлар сыныптамасы

1. Тараптар арасындағы саудадағы тауарлардың сыныптамасы 1983 жылғы 14 маусымдағы Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесі туралы халықаралық конвенция құрған Тауарларды сипаттау мен кодтаудың үйлестірілген жүйесіне (бұдан әрі "Үйлестірілген жүйе" немесе "ҮЖ" деп аталады) сәйкес әрбір Тараптың тиісті тарифтік номенклатурасымен реттеледі.

2. Әрбір Тарап өзінің тарифтік номенклатурасына енгізілетін кез келген өзгерістің осы Келісімге 1 және 2-қосымшаларға (Тарифтік міндеттемелердің тізбелері) сәйкес белгіленген тарифтік міндеттемелер үшін залалсыз жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді. ЕАЭО-ның сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасына және Моңғолияның тауарларды сәйкестендіру мен кодтаудың үйлестірілген жүйесіне осындай өзгерістер енгізуді тиісінше Еуразиялық экономикалық комиссия мен Моңғолия жүзеге асырады.

5-бап

Кедендік баждарды азайту және (немесе) олардың күшін жою

1. Әрбір Тарап Тараптардың бірінен шығатын тауарларға қатысты осы Келісімге 1 және 2-қосымшаларда қамтылған өзінің Тарифтік міндеттемелер тізбесіне сәйкес белгіленген режимнен қолайлылығы кем емес режимді ұсынады.

2. Осы Бапта ешнәрсе де кез келген уақыт кезеңінде Тараптың кез келген тауарларды әкелуге:

(а) осы Келісімнің 9-бабының (Ұлттық режим) ережелеріне сәйкес ұқсас отандық тауарларға қатысты алынатын ішкі салыққа баламалы алым;

(б) Тараптың заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес осы Келісімнің 19-бабына (Ішкі нарықты қорғау шаралары) сай алынатын кез келген баж;

(с) осы Келісімнің 7-бабына (Төлемдер мен алымдар) сәйкес қолданылатын төлемдер немесе көрсетілген қызметтердің құнымен мөлшерлес өзге де алымдар салуына кедергі келтірмейді.

3. Егер Тараптан шығарылатын тауарларға осы Келісімге 1 және 2-қосымшаларға сәйкес қолданылатын преференциялық кедендік баж мөлшерлемесі барынша қолайлылық режимде сол тауарларға қатысты қолданылатын кедендік баж мөлшерлемесінен жоғары болса, онда мұндай тауарларға соңғысын қолдану құқығы бар.

4. Экспорттық баждарды қолдану Тараптардың заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне және ДСҰ келісімі шеңберіндегі олардың тиісті міндеттемелеріне сәйкес реттеледі.

6-бап

Барынша қолайлылық режимі

1994 жылғы ГАТТ-тың I бабы және оған түсіндірме ескертулер, сондай-ақ ДСҰ келісіміне сәйкес қолданылатын кез келген ерекшеліктер, алып қоюлар және 1994 жылғы ГАТТ-тың I бабында көзделген режимді ұсыну міндеттемесінен уақытша босатулар осы Келісімге инкорпорацияланады және оның ажырамас бөлігін құрайды.

7-бап

Төлемдер және алымдар

Әрбір Тарап тауарларды әкелуге немесе әкетуге немесе олардың әкелінуіне немесе әкетілуіне байланысты салынатын барлық алымдар мен төлемдердің 1994 жылғы ГАТТ-тың VIII бабына сәйкестігін қамтамасыз етуге міндеттенеді. Осы мақсатта 1994 жылғы ГАТТ-тың VIII бабы және оған түсіндірме ескертулер, сондай-ақ Қосымша ережелер осы Келісімге инкорпорацияланады және оның ажырамас бөлігін құрайды.

8-бап

Тыйым салулар, сандық шектеулер және баламалы әсері бар шаралар

Егер осы Келісімде өзгеше көзделмесе, Тараптар өзара саудадағы тауарларды әкелуге және әкетуге қатысты 1994 жылғы ГАТТ-тың XI бабына сай келетін және 1994 жылғы ГАТТ-тың XIII бабына сәйкес тыйым салуларды, сандық шектеулерді немесе баламалы әсері бар өзге де шараларды қолдана алады.

9-бап

Ұлттық режим

Әрбір Тарап 1994 жылғы ГАТТ-тың III бабына сәйкес екінші Тараптың тауарларына қатысты ұлттық режимді ұсынуға міндеттенеді. Осы мақсатта 1994 жылғы ГАТТ-тың III бабы және оған түсіндірме ескертулер осы Келісімге инкорпорацияланады және оның ажырамас бөлігін құрайды.

10-бап

Саудадағы техникалық кедергілер

1. Тараптар ДСҰ келісіміне 1А-қосымшада қамтылған Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі келісімнің ережелеріне сәйкес техникалық реттеу саласындағы тиісті заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға міндеттенеді.

2. Осы Келісімнің ережелерін іске асыру мақсатында Тараптар стандарттау, техникалық регламенттер, метрология, нарықты қадағалау және аккредиттеуді, сынауды және сертификаттауды қоса алғанда, сәйкестікті бағалау рәсімдері үшін жауапты өздерінің құзыретті органдары немесе мекемелері арасындағы екіжақты ынтымақтастықты дамытуға ықпал етуге міндеттенеді.

3. Тараптар сауданы оңайлату үшін нақты тауарлардың немесе тауарлар топтарының сәйкестігін бағалау рәсімдерінің нәтижелерін өзара тануды қоса алғанда,

өзара саудадағы техникалық кедергілерді жою туралы келісімдерге қол қою мақсатында келіссөздерге бастамашылық жасай алады.

4. Өнімнің міндетті талаптарға сәйкестігін бағалау шарттары мен әдістерін Тараптардың жауапты органдары немесе мекемелері импорттаушы Тараптың заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес және ДСҰ келісіміне 1А-қосымшада қамтылған Саудадағы техникалық кедергілер жөніндегі келісімнің ережелеріне сәйкес айқындайды.

5. Егер Тарап екінші Тараптан экспортталатын тауарларды кіру пунктінде осы тауарлардың техникалық регламенттерге немесе сәйкестікті бағалау рәсімдеріне сәйкестігін растайтын қажетті құжаттардың болмауына немесе осы тауарлардың осы Тараптың техникалық регламенттеріне немесе сәйкестікті бағалау рәсімдеріне болжамды сәйкес келмеуіне байланысты ұстап қалса, ұстап қалу себептері импорттаушының немесе импорттаушы (тасымалдаушы) өкілінің назарына дереу жеткізіледі.

6. Егер Тараптардың қайсыбірі екінші Тарап саудада ықтималдығы жоғары дәрежеде артық кедергі жасайтын немесе артық кедергі жасаған шараны қолданысқа енгізді деп есептесе, Тараптар өзара қолайлы шешім әзірлеу мақсатында Бірлескен комитет шеңберінде техникалық консультациялар жүргізуге келісті. Техникалық консультациялар Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша кез келген тәсілдермен жүргізілуі мүмкін.

11-бап

Санитариялық және фитосанитариялық шаралар

1. Тараптар ДСҰ келісіміне 1А-қосымшада қамтылған Санитариялық және фитосанитариялық шараларды қолдану жөніндегі келісімге сәйкес санитариялық және фитосанитариялық шаралар саласындағы тиісті заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді қолдануға міндеттенеді.

2. Тараптар санитариялық және фитосанитариялық шаралардың Тараптар арасындағы саудаға теріс салдарын барынша азайту үшін оларды әзірлеуге, қабылдауға және (немесе) қолдануға бағытталған қосымша уағдаластықтарға қол жеткізе алады.

3. Әрбір Тарап екінші Тараптың жазбаша сұрау салуы бойынша өзара саудада туындаған немесе туындауы мүмкін, санитариялық және фитосанитариялық шараларға қатысты кез келген мәселе бойынша тиісті мерзімде ақпарат беруге міндеттенеді.

4. Тараптар, егер Тараптардың қайсыбірі екінші Тарап саудада ықтималдығы жоғары дәрежеде артық кедергі жасайтын немесе артық кедергі жасаған шараны қолданысқа енгізді деп есептесе, өзара қолайлы шешім әзірлеу мақсатында Бірлескен

комитет шеңберінде техникалық консультациялар жүргізуге келісті. Техникалық консультациялар Тараптардың өзара уағдаластығы бойынша кез келген тәсілдермен жүргізілуі мүмкін.

12-бап

Тауарлардың шығу тегі

Тауарлардың шығу тегі осы Келісімге "Тауарлардың шығу тегін айқындау қағидалары" деген 3-қосымшада белгіленген Тауарлардың шығу тегін айқындау қағидаларына сәйкес айқындалады.

13-бап

Кедендік әкімшілендіру және сауданы оңайлату

1. Осы бап Тараптар арасындағы сауда айналымындағы тауарларды шығару үшін талап етілетін кедендік әкімшілендіру шараларына және кеден операцияларын жасау процестеріне қатысты:

(a) кедендік рәсімдер мен кедендік формальдық транспаренттілігіне;

(b) сауданы оңайлатуға; және

(c) кедендік ынтымақтастыққа, оның ішінде Тараптардың кеден органдары арасында ақпарат алмасуға жәрдемдесу мақсатында қолданылады.

2. Әрбір Тарап, өзінің кеден органдары қолданатын кедендік әкімшілендіру шараларының болжамды, дәйекті және транспарентті болуын қамтамасыз етеді.

3. Тараптардың кедендік рәсімдері Тараптардың кеден заңнамасы мен қағидаларына сәйкес мүмкіндігіне және жол берілуіне қарай Дүниежүзілік кеден ұйымының стандарттары мен ұсынылған практикаларына негізделуге тиіс.

4. Әрбір Тараптың кеден органдары кедендік әкімшілендіру шараларын оңайлату және саудаға жәрдемдесу мақсатында осы Тарапта қолданылатын осындай шараларды қайта қарауға ұмтылуға тиіс.

5. Тараптар мүмкіндігінше өздерінің кеден заңнамасын және жалпы қолданыстағы қағидаларын ағылшын тілінде жариялауға тиіс.

6. Әрбір Тарап Тараптар арасындағы сауданы оңайлату мақсатында тауарлардың тиімді түрде шығарылуын қамтамасыз ету үшін қажетті кедендік операциялар жасау процестерін ендіруге немесе қолдауға тиіс. Сонымен бірге, егер осы Тарапта белгіленген тауарларды шығару үшін қажетті талаптар орындалмаса, бұл ереже Тарапты тауарлар шығаруға міндеттемейді.

7. Осы баптың 6-тармағына сәйкес әрбір Тарап:

(a) Тараптардың кеден заңнамасында және қағидаларында белгіленген жағдайларды қоспағанда, кеден декларациясы тіркелген кезден бастап төрт (4) сағаттан аспайтын мерзім ішінде тауарларды шығаруды қамтамасыз етуге; және

(b) тауарлар келгеннен кейін оларды шығаруды жеделдету мақсатында тауарлар келгенге дейін кедендік ақпаратты электрондық түрде ұсыну және өңдеу мүмкіндігін ендіруге немесе қолдауға;

(c) тәуекел деңгейі жоғары тауарларды тексеру іс-шараларын шоғырландыру және тәуекел деңгейі төмен тауарларға қатысты кедендік операциялар жасауды оңайлату мақсатында тәуекелдерге жүйелі бағалау жүргізу арқылы тәуекелдерді басқару жүйесін қолдануға тиіс.

8. Әрбір Тарап Дүниежүзілік кеден ұйымының Қауіпсіздіктің және әлемдік сауданы оңайлатудың негіздемелік стандарттарына (SAFE) сәйкес қауіпсіздіктің ерекше өлшемшарттарына сәйкес келетін операторлар үшін сауданы оңайлату саласындағы әріптестік бағдарламасын (бұдан әрі "Уәкілетті экономикалық операторлар бағдарламасы", "УЭО" деп аталады) қолдауға тиіс.

9. Тараптар:

(a) орынды болатын жағдайда, озық практикаларды ендіру мақсатында өздерінің УЭО бағдарламаларының жұмыс істеуі мен жетілдірілуі саласында тәжірибе алмасу;

(b) әрбір Тараптың заңнамасына және Тараптарда белгіленген процестерге сәйкес өздерінің УЭО бағдарламаларында авторландырылған операторлар туралы өзара ақпарат алмасу; және

(c) Тараптарда авторландырылған операторлар үшін сауданы оңайлатуға бағытталған артықшылықтарды іздестіру мен ендіруде ынтымақтасу арқылы өзара іс-қимыл жасауға ұмтылуға тиіс.

14-бап

Кедендік ынтымақтастық

1. Осы Келісімнің тиімді жұмыс істеуіне жәрдемдесу мақсатында Тараптардың кеден органдары Тараптар арасындағы тауарлар саудасына әсер ететін кедендік реттеудің басты мәселелері бойынша бірімен-бірі өзара іс-қимыл жасауға ықпал етуге тиіс.

2. Егер Тараптың кеден органдарының, осы Тараптың заңнамасына және қағидаларына сәйкес заңсыз қызметтің жүзеге асырылып жатқанына қатысты негізделген күдіктері болса, мұндай кеден органдары екінші Тараптың кеден органдарынан әдетте тауарлар экспортының және (немесе) импортының жүзеге асырылуына байланысты жиналатын белгілі бір құпия ақпаратты ұсынуын сұратуы мүмкін.

3. Осы баптың 2-тармағына сәйкес жүзеге асырылатын Тараптың сұрау салуы жазбаша нысанда ресімделуге, сондай-ақ осындай сұрау салу жүзеге асырылатын мақсаттарды қамтуға және ақпарат сұратылатын тауарларды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін ақпарат қоса берілуге тиіс. Барлық сұрау салу осы баптың 6-тармағында көзделген коммуникация арналары пайдаланыла отырып, электрондық түрде берілуге тиіс. Сұрау салудың қағаздағы көшірмесі пошта арқылы да жіберілуге тиіс. Осы бапқа сәйкес жіберілетін барлық сұрау салу мен оларға жауаптар ағылшын тілінде жүзеге асырылуға тиіс.

4. Осы баптың 2-тармағына сәйкес өзінің атына сұрау салу келіп түскен Тараптың кеден органы осындай сұрау салуды алған күннен бастап екі (2) ай ішінде осындай Тараптың тиісті нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес сұратылған ақпаратты қамтитын жазбаша жауабын беруге тиіс. Егер көрсетілген уақыт кезеңінде сұрау салуға толық немесе ішінара жауап беру мүмкін болмаса, өзінің атына осындай сұрау салу келіп түскен кеден органы сұрау салуды жіберген кеден органына сұратылған ақпаратты берудің болжамды мерзімі туралы хабарлауға тиіс.

5. Осы баптың 2 - 4-тармақтарына сәйкес берілетін барлық ақпаратты Тараптар құпия ақпарат ретінде қарауға тиіс. Мұндай ақпарат сот талқылаулары шеңберінде ашылуға жататын жағдайларды қоспағанда, осындай ақпаратты берген Тарап адамының немесе органының жазбаша рұқсатынсыз мұндай ақпарат ашылмауға тиіс.

6. Тараптардың кеден органдары кедендік ынтымақтастықты жүзеге асыру мақсатында коммуникация арналарын орнатуға және қолдауға, оның ішінде кедендік мәселелер бойынша жедел әрі қауіпсіз ақпарат алмасуға және өзара іс-қимылды үйлестіруге ықпал ететін байланыс пункттерін белгілеу арқылы ұмтылуға тиіс.

7. Кедендік әкімшілендіруге және сауданы оңайлатуға байланысты тиісті мәселелерді талқылау мақсатында ұйымдастырылатын техникалық кездесулер Тараптар келісетін орындарда және мерзімдерде жүргізілуге тиіс.

8. Тараптар кедендік рәсімдерді қолдану процестерін оңайлату, сондай-ақ кеден заңнамасының және қағидалардың бұзылуын болғызбау мақсатында Тараптардың кеден органдары арасында Тараптар арасындағы сауда айналымындағы тауарлар туралы ақпарат алмасуды (бұдан әрі "Электрондық түрде ақпарат алмасу" деп аталады) ұйымдастыра алады және тұрақты негізде жүзеге асыра алады.

9. Электрондық түрде ақпарат алмасуды жүзеге асырудың барлық талаптары мен техникалық шарттары, алмасуға жататын ақпараттың нақты құрамы сияқты ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер мен Моңғолияның уәкілетті органдары арасында жасалатын жеке хаттамада айқындалуға тиіс.

10. Электрондық түрде ақпарат алмасуды Тараптар ЕАЭО-ның интеграцияланған ақпараттық жүйесінің техникалық инфрақұрылымын, сондай-ақ Моңғолияның тиісті инфрақұрылымын пайдалану арқылы ендіруге тиіс.

11. Электрондық түрде ақпарат алмасуды құру және оның жұмыс істеуін оңайлату процестерін ЕАЭО атынан Еуразиялық экономикалық комиссия үйлестіреді.

15-бап

Транзит еркіндігі

1994 жылғы ГАТТ-тың V бабы және ДСҰ-ның Сауда рәсімдерін оңайлату туралы келісімінің XI бабы осы Келісімге инкорпорацияланады және оның ажырамас бөлігін құрайды.

16-бап

Жалпы ерекшеліктер

1. Мұндай шаралардың бірдей шарттар басым болатын Тараптардың арасында ерікті түрде немесе ақталмайтын кемсітушілік құралы немесе халықаралық сауданы жасырын шектеу бола алатындай түрде қолданылмайтын жағдайда, осы Келісімде ешнәрсе де кез келген Тараптың:

- (a) қоғамдық моральды қорғау үшін қажетті;
- (b) адамның өмірін немесе денсаулығын, жануарларды немесе өсімдіктерді қорғау үшін қажетті;
- (c) алтынды және күмісті әкелуге немесе әкетуге қатысты;
- (d) кеден заңнамасының, 1994 жылғы ГАТТ-тың II бабының 4-тармағына және XVII бабына сәйкес қолданылатын монополиялар туралы қағидалардың сақталуын қамтамасыз етуге, патенттерді, тауар белгілерін және авторлық құқықтарды қорғауға және жаңылысуға алып келетін практикалардың алдын алуға жататындарды қоса алғанда, 1994 жылғы ГАТТ-тың ережелеріне қайшы келмейтін заңдарға немесе өзге де нормативтік құқықтық актілерге сәйкестікті қамтамасыз етуге қажетті;
- (e) қамауға алынғандар өндірген тауарларға қатысты;
- (f) көркемдік, тарихи немесе археологиялық құндылығы бар ұлттық қазынаны қорғау үшін қолданылатын;
- (g) егер мұндай шаралар ішкі өндірісті немесе тұтынуды шектеумен бір мезгілде жүргізілсе, сарқылатын табиғи ресурстарды сақтауға қатысты;
- (h) ДСҰ-ның қарауына ұсынылған және осы ұйым бас тартпаған немесе қарауға ұсынылған және бас тартылмаған өлшемшарттарға сәйкес келетін тауарлар туралы үкіметаралық келісім бойынша міндеттемелерді орындау үшін қабылданатын;
- (i) Үкімет жүзеге асыратын тұрақтандыру жоспарының бір бөлігі ретінде отандық өндеуші өнеркәсіптің отандық материалдарының ішкі бағасы әлемдегі бағаға қарағанда неғұрлым төмен деңгейде сақталған кезеңдер ішінде осындай материалдардың жеткілікті санымен қамтамасыз етуге қажетті отандық материалдардың экспортын

шектеулер экспортты кеңейтуге немесе осы отандық өнеркәсіпті қорғауға жәрдемдеспеуі және 1994 жылғы ГАТТ-тың кемсітпеуге қатысты ережелерінен ауытқымау шартымен шектеуге байланысты;

(j) кез келген осындай шаралардың Тараптар тұтас немесе нақты өңір үшін тапшы болып табылатын тауарларды халықаралық берулерде әділ үлеске құқығы болады және осы Келісімнің басқа ережелерімен үйлеспейтін кез келген осындай шаралар оларды қолдануға себеп болған жағдайлар болмаған кезде өз қолданысын тоқтатады деген қағидатпен үйлесімді болу шартымен осындай тауарларды сатып алу немесе бөлу үшін елеулі шараларды қабылдауына немесе қолдануына кедергі келтіретіндей болып түсіндірілмеуге тиіс.

2. Тараптар мүмкіндігіне қарай, осы бапқа сәйкес қабылданған шаралар туралы және олардың қолданысын тоқтату туралы біріне-бірі хабар беруге міндеттенеді.

17-бап

Қауіпсіздік пайымдары тұрғысындағы ерекшеліктер

Осы Келісімде ешнәрсе:

(a) кез келген Тарапқа ашылуы өз қауіпсіздігінің елеулі мүдделеріне қайшы келеді деп есептейтін қандай да бір ақпаратты беруге қойылатын талап ретінде; немесе

(b) кез келген Тараптың өз қауіпсіздігінің елеулі мүдделерін қорғау үшін қажет деп есептейтін мынадай:

(i) ыдырайтын материалдарға немесе солардан өндірілетін материалдарға қатысты;

(ii) қару-жарақ, оқ-дәрілер және әскери мақсаттағы өнім саудасына, сондай-ақ қарулы күштерді жабдықтау мақсаттары үшін тікелей немесе жанама түрде жүзеге асырылатын басқа да тауарлар мен материалдар саудасына қатысты;

(iii) соғыс уақытында немесе халықаралық қатынастардағы басқа да төтенше жағдайларда қолданылатын іс-қимылдар жасауына кедергі келтіретін; немесе

(c) кез келген Тараптың бүкіл әлемдегі бейбітшілік пен халықаралық қауіпсіздікті сақтау үшін Біріккен Ұлттар Ұйымының Жарғысы бойынша өз міндеттемелерін орындау тұрғысынан кез келген іс-қимыл жасауына кедергі келтіретін деп түсіндірілмеуге тиіс.

18-бап

Төлем теңгерімін қамтамасыз ету мақсатындағы шектеулер

1. Егер Тараптардың қайсыбірі төлем теңгерімінің елеулі тапшылығына және сыртқы қаржылық қиындықтарға тап болса немесе сондай қауіпке ұшыраса, ол 1994 жылғы ГАТТ-тың XII бабына және 1994 жылғы ГАТТ-тың Төлем теңгерімі туралы ережелер жөніндегі уағдаластығына сәйкес импортты шектеу шараларын қолданысқа

енгізе алады. Мұндай шектеу шаралары Халықаралық Валюта Қоры Келісімінің Баптарына сәйкес келуге тиіс.

2. Тиісті Тарап төлем теңгерімін қамтамасыз ету үшін осындай шараларды қолданысқа енгізу ниеті туралы және оларды іске асыру және күшін жою графигі туралы екінші Тарапты дереу хабардар етуге міндеттенеді.

3. Осы Баптың 1-тармағында аталған шектеу шаралары қабылданған немесе күшінде қалған жағдайда, тиісті Тарап өзі қабылдаған шектеулерді қарау үшін Бірлескен комитет шеңберінде консультацияларды уақтылы жүргізуге тиіс. Мұндай консультациялар барысында тиісті Тараптың төлем теңгерімінің жай-күйі және өзгесінен басқа мынадай факторлар:

- (a) төлем теңгерімінің елеулі тапшылығының сипаты мен маңыздылығы;
- (b) екінші Тараптың экономикасы үшін шектеулердің ықтимал салдары; және
- (c) Тарапқа қолжетімді болатын баламалы түзету шараларын назарға ала отырып, осы бапқа сәйкес қабылданған немесе күшінде қалатын шектеу шаралары бағалануға тиіс.

Консультациялар барысында кез келген шектеу шараларының 1994 жылғы ГАТТ-тың XII бабына сәйкестігі мәселелері қаралуға тиіс.

19-бап

Ішкі нарықты қорғау шаралары

1. Тараптар ДСҰ келісіміне 1А-қосымшада қамтылған 1994 жылғы ГАТТ-тың VI және XIX баптарының, Арнайы қорғау шаралары жөніндегі келісімнің, 1994 жылғы Тарифтер мен сауда жөніндегі бас келісімнің VI бабын қолдану туралы келісімнің, Субсидиялар және өтемақы шаралары жөніндегі келісімнің ережелеріне сәйкес жаһандық арнаулы қорғау, демпингке қарсы және өтемақы шараларын қолданады.

2. Демпингке қарсы, өтемақы және жаһандық арнаулы қорғау шараларын, сондай-ақ көрсетілген шараларды айналып өтуді анықтау мақсатында қайта тергеп-тексерулер мен басқа да қайта қарауларды қоса алғанда, кез келген кейінгі рәсімдерді қолдану мақсаттары үшін Моңғолия ЕАЭО-ға мүше мемлекеттерді тұтастай ЕАЭО ретінде емес, жеке-жеке қарайды және тұтастай ЕАЭО-дан импортқа қатысты көрсетілген шараларды айналып өтуді анықтау мақсатында қайта тергеп-тексерулердің қорытындысы бойынша қабылданатын шараларды қоса алғанда, демпингке қарсы, өтемақы және жаһандық арнаулы қорғау шараларын қолданбайды.

3. Демпингке қарсы тергеп-тексеруді немесе өтемақы тергеп-тексеруін бастау мүмкіндігін қарайтын Тарап тергеп-тексеруді жүргізу басталған күнге дейін он бес (15) күннен кешіктірмей екінші Тарапты тергеп-тексеру жүргізу туралы өтінішті алғаны туралы жазбаша нысанда хабардар етеді.

4. Жаһандық арнаулы қорғау шарасын қолдануға ниет білдірген Тарап тергеп-тексерудің басталуына, тергеп-тексеру нәтижесі бойынша алдын ала және түпкілікті тұжырымдарға қатысты барлық қажетті ақпаратты қамтитын жазбаша хабарламаны екінші Тарапқа дереу жібереді.

5. Тараптардың кез келгенінің жазбаша сұрау салуы бойынша Тараптар демпингке қарсы, өтемақы және жаһандық арнаулы қорғау шараларын қолдану мен байланысты мәселелер бойынша консультациялар жүргізе алады. Консультациялар мүмкіндігінше қысқа мерзімде, бірақ осындай жазбаша сұрау салу алынғаннан кейін отыз (30) күннен кешіктірілмей жүргізілуге тиіс. Мұндай консультациялар Тараптардың демпингке қарсы тергеп-тексерулерге, өтемақы тергеп-тексерулеріне және арнаулы қорғау тергеп-тексерулеріне бастамашылық жасауына кедергі келтірмейді және осындай тергеп-тексерулер жүргізуді қиындатпайды.

20-бап

Дауларды шешу

Тараптар арасындағы осы Келісімді түсіндіруден және (немесе) қолданудан туындайтын кез келген дау осы Келісімге "Дауларды шешу" деген 4-қосымшада белгіленген қағидалар мен рәсімдерге сәйкес шешіледі.

21-бап

Транспаренттілік және ақпарат алмасу

1. Әрбір Тарап өзінің заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес осы Келісімнің қолданылу аясына кіретін кез келген мәселелер бойынша өзінің заңдары мен жалпы қолданылатын өзге де нормативтік құқықтық актілерінің, сондай-ақ өзінің тиісті халықаралық келісімдерінің уақтылы, ең кеш дегенде олардың күшіне енген күннен бастап жариялануын немесе өзгеше түрде еркін қол жеткізу үшін, оның ішінде мүмкіндігінше электрондық нысанда орналастырылуын қамтамасыз етеді.

2. Барынша мүмкіндігіне қарай, әрбір Тарап, Тараптың пікірі бойынша осы Келісімді қолдануға немесе екінші Тараптың осы Келісім шеңберіндегі мүдделеріне елеулі әсер етуі мүмкін кез келген шаралар туралы екінші Тарапты хабардар етеді.

22-бап

Құпия ақпарат

1. Әрбір Тарап екінші Тарап осы Келісім шеңберінде құпия ақпарат ретінде берген ақпараттың құпиялылығын өзінің заңдарына және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес қамтамасыз етуге міндеттенеді.

2. Осы Келісімде ешнәрсе Тарапты ашылуы заңнаманы қолдануға кедергі келтіруі мүмкін немесе өзінің заңдарымен және өзге де нормативтік құқықтық актілерімен тыйым салынған немесе шектелген немесе өзгеше түрде қоғамдық мүдделерге қайшы келуі немесе жекелеген, жеке меншік немесе мемлекеттік кәсіпорындардың (кез келген шаруашылық жүргізуші субъектінің) заңды мүдделеріне қысым келтіруі мүмкін ақпаратты беруге немесе оған қол жеткізуге рұқсат беруге міндеттемейді.

23-бап

Электрондық сауда

1. Осы бап Тарап қабылдайтын немесе қолдайтын, электрондық саудаға әсер ететін шараларға қолданылады.

2. Тараптар арасындағы өзара сауданың өсуіне оң әсер ететін электрондық сауда беретін экономикалық өсім мен мүмкіндіктерді, электрондық сауданың серпінді және инновациялық сипатын және тұтынушылардың электрондық саудаға деген сенімін нығайтудың маңызды екенін Тараптар мойындайды.

3. Тиімді трансшекаралық саудаға жәрдемдесу мақсатында Тараптар еркін сауда аймақтары шеңберінде немесе электрондық сауда операторларының электрондық саудаға байланысты операцияларды жасауға арналған қоймаларында кедендік ресімдеу процестерін оңтайландыруға және оңайлатуға ұмтылуға міндеттенеді.

4. Тараптар электрондық саудаға байланысты шамадан тыс нормативтік ауыртпалықты болғызбаудың маңызды екенін мойындайды.

5. Тараптар, егер өз заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінде өзгеше көзделмесе, электрондық қолтаңбалардың электрондық емес нысандағы қолтаңбалар сияқты заңды күші бар екенін және жарамды болатынын жоққа шығармауға міндеттенеді. Барынша айқын болу үшін осы тармақта аталған электрондық қолтаңбалар Тараптың заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілерінде жазылған құқықтық талаптарға сәйкес келуге тиіс.

6. Тараптар электрондық қолтаңбалар қолданылатын жағдайда, оларды өзара тануға ұмтылады.

7. Әрбір Тарап Тараптар арасындағы саудаға қатысты нормативтік құжаттарға электрондық нысанда ашық қолжетімділікті қамтамасыз етуге ұмтылуға міндеттенеді.

8. Тараптар электрондық сауданы пайдаланушылардың жеке деректерін қорғаудың экономикалық және әлеуметтік тиімділігін және оның тұтынушылардың электрондық саудаға деген сенімін нығайтудағы үлесін мойындайды.

9. Тараптар өз заңдары мен өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жеке оның ішінде жеке деректерді трансшекаралық беру туралы, сондай-ақ осындай деректерге қатысты шарттар мен талаптар туралы деректерді қорғауды қамтамасыз ететін шараларды қабылдауға міндеттенеді немесе қолдайды.

10. Әрбір Тарап байланыс пунктін тағайындауға міндеттенеді, ол осы бапты іске асыруға байланысты туындайтын кез келген мәселелер бойынша екінші Тараппен және Бірлескен комитетпен байланыс үшін жауапты болуға тиіс.

11. Тараптар арасындағы өзара түсіністікті нығайту немесе осы Тарауды іске асыруға байланысты туындайтын нақты мәселелерді шешу мақсатында Тарап осы Келісімнің 27-бабына (Байланыс пункттері) сәйкес құрылған өзінің байланыс пункті арқылы екінші Тараппен консультациялар өткізу туралы өтініш жасай алады.

12. Мұндай консультациялар, егер олар екі Тараппен келісілсе, Тараптар келіскен кез келген құралдармен жүргізілуі мүмкін.

24-бап

Экономикалық ынтымақтастық

1. Тараптар экономикалық ынтымақтастықтың маңыздылығын мойындайды және Тараптардың әртүрлі даму деңгейлері мен әлеуетін ескере отырып, өзара тиімді салалардағы өзара іс-қимылды нығайтуға келіседі.

2. Тараптар экономикалық ынтымақтастықты дамыту мен іске асыруды қамтамасыз ету мақсатында Тараптардың тиісті мемлекеттік органдарының өзара іс-қимыл жасауын қолдауға және жеңілдетуге және қажет әрі орынды болған жағдайда Тараптардың коммерциялық ұйымдары арасындағы ынтымақтастықты ынталандыруға міндеттенеді.

25-бап

Қосымшалар

Осы Келісімге қосымшалар осы Келісімнің ажырамас бөлігін білдіреді.

26-бап

Бірлескен комитет

1. Тараптар осы құжат арқылы әрбір Тараптың өкілдерін қамтитын Бірлескен комитетті құрады, оны екі - біреуі ЕАЭО мен оған мүше мемлекеттерден Еуразиялық экономикалық комиссия алқасының мүшесі ұсынған, ал екіншісі Моңғолияның Экономика және даму министрлігінен және (немесе) оның құқықтық мирасқорынан өкіл бірлесіп басқаратын болады. Осы мақсат үшін қажетті өкілеттіктері бар аға лауазымды адамдар Тараптар атынан өкілдік етеді.

2. Тараптар Бірлескен комитеттің отырысы өткізілгенге дейін отыз (30) күн бұрын ондағы өз өкілдері туралы мәліметтерді біріне-бірі хабарлайды.

3. Бірлескен комитеттің міндеттері:

(a) осы Келісімді қолдану мен оның қолданысына байланысты барлық мәселені мониторингтеу мен зерделеуді;

(b) Тараптар арасындағы сауда қатынастарын одан әрі дамыту мүмкіндіктерін қарауды;

(c) осы Келісімге кез келген түзетулерді зерделеуді және Тараптардың қарауына ұсынуды; және

(d) осы Келісімді қолдану саласы мен оның мақсаттары шеңберінде өзіне Тараптар берген, осы Келісім шеңберіндегі кез келген мәселеге байланысты өзге де іс-қимылдарды орындауды қамтиды.

4. Бірлескен комитет өз функцияларын орындау мақсатында тұрақты не ad hoc кіші комитеттерді немесе жұмыс топтарын құра алады және оларға нақты мәселелер бойынша міндеттерді орындауды тапсыра алады.

5. Бірлескен комитеттің барлық шешімі мен ұсынымы Тараптар консенсусы негізінде қабылданады.

6. Бірлескен комитеттің отырыстарын Тараптар арасында өзге де уағдаластық болмаса, әдетте, әрбір Тарап кезекпен кемінде жылына бір рет өткізеді.

7. Арнаулы сессиялар кез келген Тараптың сұрау салуы бойынша өткізілуі де мүмкін. Мұндай сессиялар, Тараптар арасында өзге де уағдаластық болмаса, мүмкіндігіне қарай тиісті сұрау салу алынған күннен бастап отыз (30) күн ішінде сұрау салған Тараптың аумағында өткізілуге тиіс.

8. Тараптар Бірлескен комитеттің Жұмыс регламентін келісуге және оны Бірлескен комитеттің бірінші отырысында бекітуге міндеттенеді.

27-бап

Байланыс пункттері

1. Осы Келісімді тиімді имплементтеуді қамтамасыз ету және осы Келісім шеңберіндегі кез келген мәселе бойынша Тараптар арасындағы коммуникацияны оңайлату мақсатында әрбір Тарап осы Келісім күшіне енген күннен бастап бір (1) ай ішінде байланыс пунктін немесе байланыс пункттерін тағайындайды және олар туралы екінші Тарапқа хабарлайды. Тараптар өздерінің байланыс пункттері туралы мәліметтерге қатысты кез келген өзгерістер туралы бір-бірін дереу хабардар етеді.

2. Әрбір Тараптың байланыс пунктінің функциялары:

(a) екінші Тараптан сұрақтарды немесе сұрау салуларды алу;

(b) осы тармақтың (a) тармақшасында аталған сұрақтарға немесе сұрау салуларға, мүмкін болуына қарай, Тараптардың басқа да құзыретті органдарымен ынтымақтаса отырып жауап жіберу болып табылады.

3. Осы баптың 1 және 2-тармақтары Тараптың бизнес өкілдерінің екінші Тараптың құзыретті органдарымен кез келген тікелей байланыстар орнатуын болғызбауға немесе шектемеуге тиіс.

4. Тараптың сұрау салуы бойынша екінші Тараптың байланыс пункті немесе байланыс пункттері Тараптар арасындағы саудаға ықпал етуі мүмкін мәселеге жауапты тиісті органды немесе лауазымды адамды айқындайды және тиісті коммуникацияны оңайлату бойынша қажетті жәрдем көрсетеді.

28-бап

Қолданылу, шығу және қолданылуын тоқтату шарттары

1. Осы Келісім үш (3) жылға жасалады және егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, оның қолданылуы кейіннен үш жылдық кезеңге ұзартылады.

2. Алғашқы үш жылдық кезең өткен соң бір (1) жыл ішінде Тараптар сауда рәсімдерін оңайлату және Тараптар арасындағы іс-жүзінде барлық саудаға қатысты баждар мен сауданың басқа да шектеу қағидаларының күшін жою мақсатында осы Келісімді қайта қарауды бастайды.

3. Әрбір Тарап осы Келісімді бұзу ниеті туралы екінші Тарапты хабардар ету арқылы осы Келісімнің қолданысын тоқтатуға құқылы. Осы Келісім екінші Тарап тиісті хабарлама алған айдан кейінгі он үшінші айдың бірінші күні өзінің қолданысын тоқтатады.

4. Осы Келісім ЕАЭО туралы шарттан шығатын ЕАЭО-ға мүше кез келген мемлекет үшін ЕАЭО туралы шарттан шығу болған күні өз қолданысын тоқтатады. Еуразиялық экономикалық комиссия осындай шығу күшіне енген күнге дейін алты (6) ай бұрын кез келген осындай шығу туралы Моңғолияны хабардар етуге міндеттенеді. Тараптар осы Келісім үшін осындай шығудың салдарын талқылау мақсатында өзара консультациялар жүргізуге міндеттенеді.

29-бап

Өзгерістер

1. Осы Келісімге Тараптардың өзара жазбаша келісуі бойынша өзгерістер енгізілуі мүмкін.

2. Осы Келісімге енгізілген барлық өзгерістер, егер Тараптар өзгеше уағдаласпаса, осы Келісімнің ажырамас бөлігін құрайды және осы Келісімнің 31-бабына сәйкес күшіне енетін, осы Келісімге жекелеген хаттамалар түрінде ресімделеді.

3. Егер ДСҰ келісімінің немесе екі Тарап қатысушысы болып табылатын және осы Келісімге инкорпорацияланған кез келген басқа да келісімнің кез келген ережесіне

өзгерістер енгізілсе, Тараптар осы Келісімге тиісті өзгерістер енгізу қажеттігі туралы консультациялар жүргізеді.

30-бап

Қосылу

1. ЕАЭО-ға мүше кез келген жаңа мемлекет қосылу шарттары бойынша келіссөздер жүргізу арқылы Тараптардың өзара келісуі бойынша осы Келісімге қосылады. Мұндай қосылу осы Келісімге қосымша хаттамамен ресімделеді.

2. ЕАЭО кез келген үшінші тараптың ЕАЭО-ға мүше болуға кандидат елдің мәртебесін алғаны туралы, сондай-ақ ЕАЭО-ға кез келген қосылу туралы Моңғолияны жазбаша түрде кідіріссіз хабардар етуге міндеттенеді.

31-бап

Күшіне енуі

Осы Келісім ЕАЭО-ның, ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің және Моңғолияның осы Келісімнің күшіне енуі үшін қажетті мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап алпыс бірінші күні күшіне енеді. Мұндай хабарламалар алмасу Еуразиялық экономикалық комиссия мен Моңғолия арасындағы дипломатиялық арналар арқылы жүзеге асырылады.

ОСЫНЫ РАСТАУ ҮШІН бұған қажетті барлық өкілеттіктері бар төменде қол қоюшылар осы Келісімге қол қойды.

2025 жылғы 27 маусымда Минскте ағылшын тілінде екі төлнұсқа данада жасалды әрі екі мәтіннің күші бірдей.

Армения Республикасы үшін

Қазақстан Республикасы үшін

Ресей Федерациясы үшін

Моңғолия үшін

Беларусь Республикасы үшін

Қырғыз Республикасы үшін

Еуразиялық экономикалық одақ үшін

1-ҚОСЫМША

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ ТАРИФТІК МІНДЕТТЕМЕЛЕРІНІҢ ТІЗБЕСІ

Осы Қосымшаның мақсаттары үшін "ҮЖ коды" және "Сипаттамасы" деп Еуразиялық экономикалық одақтың 2022 жылғы 1 қаңтардағы қолданыстағы номенклатурасының тиісті қосалқы позициялары және оларға сәйкес сипаттамасы түсініледі.

Ешбір жағдайда осы Қосымшада көрсетілген шығарылатын тауарға қатысты Тарап қолданатын кедендік баждың мөлшерлемесі осы Қосымшаның (4) бағанында көрсетілген тиісті келісілген байланыстыру деңгейінен аспауға тиіс.

№	СЭҚ ТН КОДЫ	СИПАТТАМАСЫ	Тарифтік преференциялар
1	2	3	4
1	0201 20	- сүйегі сылынбаған, өзге де шабылған ет	0%
2	0201 30	- сүйегі сылынған ет	0%
3	0202 20	- сүйегі сылынбаған, өзге де шабылған ет	0%
4	0202 30	- сүйегі сылынған ет	0%
5	0204 10	- козылардың ұшасы және жартылай ұшасы, жас немесе мұздатылған	0%
6	0204 21	- - ұша және жартылай ұша	0%
7	0204 22	- - сүйегі сылынбаған, өзге де шабылған ет	0%
8	0204 23	- - сүйегі сылынған ет	0%
9	0204 41	- - ұша және жартылай ұша	0%
10	0204 42	- - сүйегі сылынбаған, өзге де шабылған ет	0%
11	0204 50	- ешкі еті	0%
12	0205 00	- Жылқының, есектің, қашырдың немесе лошактың еті, жас, тоңазытылған немесе мұздатылған	0%
13	0206 10	- ірі кара малдың еті, жас немесе тоңазытылған	0%
14	0206 21	- - тіл	0%
15	0206 29	- - өзгесі	0%
16	0206 41	- - бауыр	0%
17	0206 80	- жас немесе тоңазытылған, өзгесі	0%
18	0206 90	- тоңазытылған, өзгесі	0%
19	0208 90	- өзгесі	0%

20	0210 11	- - сан еті, жауырындары және олардың сүйегі сылынбаған шабылған еттері	0%
21	0210 12	- - төстік (қабаттары бар) және олардың шабылған еттері	0%
22	0210 20	- ірі қара мал еті	0%
23	0210 99	- - өзгесі	0%
24	0403 90	- өзгесі	0%
25	0405 90	- өзгесі	0%
26	0406 90	- өзге де ірімшіктер	БҚР деңгейінен 50%-ға төмендеу
27	0409 00	Табиғи бал	0%
28	0410 90	- өзгесі	0%
29	0504 00	Жануарлардың (балықтыкінен өзге) бүтін немесе бөлшектелген, жас, тоңазытылған, мұздатылған, тұздалған, тұздық судағы, кептірілген немесе сүрленген ішектері, көпіршіктері және асқазандары	0%
30	0505 90	- өзгесі	0%
31	0506 10	- қышқылмен өңделген оссеин мен сүйектер	0%
32	0506 90	- өзгесі	0%
33	0507 90	- өзгесі	0%
34	0510 00	Жас, тоңазытылған, мұздатылған немесе қысқа мерзімге сақтау үшін өзге де тәсілмен өңделген сұр амбра, камшаттың тобылғысы, циветта мен мускус; алагүліктер; өт, оның ішінде құрғағы; фармацевтикалық өнімдерді өндіруде пайдаланатын бездер мен жануарлардан	0%

		алынған өзге де өнімдер	
35	0511 99	- - өзгесі	0%
36	0704 90	- өзгесі	0%
37	0710 10	- картоп	0%
38	0710 80	- өзге де көкөністер	0%
39	0712 39	- - өзгесі	0%
40	0712 90	- өзге де көкөністер; көкөніс коспалары	0%
41	0810 90	- өзгесі	0%
42	0811 90	- өзгесі	0%
43	1003 90	- өзгесі	0%
44	1502 10	- тоң май	0%
45	1502 90	- өзгесі	0%
		Тазартылмаған немесе тазартылған, бірақ химиялық құрамы өзгермеген, жануарлардан алынған өзге де тоң майлар мен майлар және олардың фракциялары	
46	1506 00	жануарлардан алынған өзге де тоң майлар мен майлар және олардың фракциялары	0%
47	1514 19	- - өзгесі	0%
48	1514 91	- - шикі май	0%
49	1515 90	- өзгесі	0%
50	1516 10	- жануарлардан алынған тоң майлар мен майлар және олардың фракциялары	0%
		Шұжықтар және еттен, қосалқы ет өнімдерінен, қаннан немесе жәндіктерден жасалған соған ұқсас өнімдер; солардың негізінде әзірленген дайын тамақ өнімдері	
51	1601 00	жәндіктерден жасалған соған ұқсас өнімдер; солардың негізінде әзірленген дайын тамақ өнімдері	0%
52	1602 10	- гомогенделген дайын өнімдер	0%
53	1602 20	- кез келген малдың бауырынан жасалған	0%
54	1602 50	- ірі қара мал етінен жасалған	0%

55	1602 90	- кез келген малдың қанынан жасалған дайын өнімдерді қоса алғанда, өзгесі	0%
56	1604 19	- - өзгесі	0%
57	1704 90	- өзгесі	0%
58	1806 90	- өзгесі	0%
59	1902 11	- - құрамында жұмыртқасы бар	0%
60	1902 19	- - өзгесі	0%
61	1902 30	- өзге макарон өнімдері	0%
62	2007 10	- гомогенделген дайын өнімдер	0%
63	2007 91	- - цитрус өнімдері	0%
64	2007 99	- - өзгесі	0%
65	2009 71	- - Брикс санымен 20-дан аспайтын	0%
66	2009 89	- - өзгесі	0%
67	2009 90	- шырындардың қоспалары	0%
68	2104 10	- дайын және әзірлеу үшін дайындалған сорпалар мен кеспе сорпалар	0%
69	2106 10	- ақуызды концентраттар және текстураланған ақуызды заттар	0%
70	2106 90	- өзгесі	0%
71	2202 10	- минералды және газды, қант немесе өзге де тәттілендіргіш немесе дәмді хош иісті заттар қосылған суларды қоса алғанда, сулар	0%
72	2202 99	- - өзгесі	0%
73	2203 00	Ашытылған сыра	БҚР деңгейінен 25% -ға төмендеу
74	2208 20	- жүзім шарабын тазалау немесе жүзімді сығу нәтижесінде алынған спирт тұнбалары	0%
75	2208 30	- виски	0%

76	2208 60	- арақ	БҚР деңгейінен 25% -ға төмендеу
77	2208 90	- өзгесі	0%
78	2301 10	- майда және ірі тартылған ұн және еттен немесе қосалқы ет өнімдерінен жасалған түйіршіктер; шкваркалар	0%
79	2302 30	- бидайдан жасалған	0%
80	2309 10	- бөлшек сауда үшін оралып салынған иттерге немесе мысықтарға арналған азық	0%
81	2309 90	- өзгесі	0%
82	2501 00	Суда ерітілген немесе ерітілмеген немесе құрамында жабысуына кедергі жасайтын немесе сусымалылығын қамтамасыз ететін агенттің қоспалары болатын немесе болмайтын тұз (асханалық және денатуратталған тұзды қоса алғанда) бен таза натрий хлориді; теңіз суы	0%
83	2529 21	- - құрамында мас. 97 % немесе одан аз кальций фториді бар	0%
84	2529 22	- - құрамында мас. 97 % астам кальций фториді бар	0%
85	2603 00	Мыс кендері мен концентраттары	0%
86	2609 00	Қалайы кендері мен концентраттары	0%
87	2611 00	Вольфрам кендері мен концентраттары	0%
88	2613 90	- өзгесі	0%
		Жануарлардан немесе өсімдіктерден алынған, араластырылған	

89	3101 00	<p>н е м е с е араластырылмаған, химиялық өңделген немесе өңделмеген тыңайтқыштар; өсімдіктерден н е м е с е жануарлардан алынған өнімдерді араластырудан немесе химиялық өңдеуден алынған тыңайтқыштар</p>	0%
90	3304 10	- ерінге макияж жасауға арналған заттар	0%
91	3304 30	- маникюрге немесе педикюрге арналған заттар	0%
92	3304 99	- - өзгесі	0%
93	3305 10	- сусабындар	0%
94	3305 90	- өзгесі	0%
95	3306 10	- тіс тазалайтын заттар	0%
96	3401 20	- өзге нысандардағы сабындар	0%
97	3402 50	- бөлшек сауда үшін өлшеніп құйылған заттар	0%
98	3503 00	Желатин (оның ішінде тік бұрышты (шаршы түріндегіні қоса алғанда) табақтарда, сырттай өңдеумен немесе өңдеусіз, боялған немесе боялмаған) және желатиннің туындылары; балық ж е л і м і ; жануарлардан алынған өзге де желімдер, 3501- тауарлық позициясындағы казеиндік желімдерден басқа	0%
99	3926 90	- өзгесі	0%
		- әрқайсысының салмағы құрғақ түрінде 8 кг-дан,	

100	4101 20	кептіріліп тұздалған түрінде 10 кг- дан, буланған, дымқыл тұздалған күйде немесе өзге консервіленген күйінде 16 кг-дан аспайтын, бөлінбеген, тұтас терілер	0%
101	4101 50	- салмағы 16 кг-дан асатын тұтас терілер	0%
102	4101 90	- өзгесі, тоқымдарын, жартылай тоқымдарын және өңірлерін қоса алғанда	0%
103	4102 10	- жүні бар	0%
104	4102 21	- - пикелденген	0%
105	4102 29	- - өзгесі	0%
106	4103 90	- өзгесі	0%
107	4104 11	- - бөлінбеген беткі жағы ыспаланған; беткі жағы бөлінген	0%
108	4104 19	- - өзгесі	0%
109	410441	- - ыспаланбаған беткі жағы бөлінбеген; беткі жағы бөлінген	0%
110	4104 49	- - өзгесі	0%
111	4105 10	- дымқыл түрде (хромдалған жартылай фабрикаттарды қоса алғанда)	0%
112	4105 30	- құрғақ түрде (краст)	0%
113	410621	- - дымқыл түрде (хромдалған жартылай фабрикаттарды қоса алғанда)	0%
114	4106 22	- - құрғақ түрде (краст)	0%
115	4106 91	- - дымқыл түрде (хромдалған жартылай фабрикаттарды қоса алғанда)	0%

116	4107 И	- - ыспаланбаған беткі жағы бөлінбеген	0%
117	4107 12	- - беткі жағы бөлінген	0%
118	4107 99	- - өзгесі	0%
119	411200	Қойдың немесе қозының терісінен алынған жүнсіз, бөлінген немесе бөлінбеген, иленгеннен кейін қосымша өңделген немесе пергаментке келтірілген түрін қоса алғанда, былғары краст түріндегі былғары, 4114-тауарлық позициясындағы былғарыдан өзге	0%
120	4113 10	- ешкінің немесе лақтың	0%
121	4114 10	- күдері (аралас күдеріні қоса алғанда)	0%
122	4201 00	Кез келген материалдан жасалған, кез келген жануарға арналған ер-тұрман бұйымдары мен әбзел (жанқайыстарды, тізгіндерді, тізеқаптарды, тұмылдырықтарды, аттардың жапқыштарын, артпалы қапшықтарды, иттердің жапқыштарын және ұксас бұйымдарды қоса алғанда)	0%
123	4202 11	- - беткі жағы табиғи былғарыдан немесе құрақ былғарыдан жасалған	0%
		- - беткі жағы пластмассадан	

124	4202 12	немесе тоқыма материалдарынан жасалған	0%
125	4202 19	- - өзгесі	0%
126	4202 21	- - беткі жағы табиғи былғарыдан немесе құрақ былғарыдан жасалған	0%
127	4202 22	- - беткі жағы пластмасса табақтардан немесе тоқыма материалдарынан жасалған	0%
128	4202 29	- - өзгесі	0%
129	4202 31	- - беткі жағы табиғи былғарыдан немесе құрақ былғарыдан жасалған	0%
130	4202 32	- - беткі жағы пластмасса табақтардан немесе тоқыма материалдарынан жасалған	0%
131	4202 39	- - өзгесі	0%
132	4202 91	- - беткі жағы табиғи былғарыдан немесе құрақ былғарыдан жасалған	0%
133	4202 92	- - беткі жағы пластмасса табақтардан немесе тоқыма материалдарынан жасалған	0%
134	4202 99	- - өзгесі	0%
135	4203 10	- киім заттары	0%
136	4203 21	- - арнайы спорттық мақсаттарға арналған	0%
(i) Тараптың осы теңіз түбін немесе осы теңіз қойнауларын игеруге айрықша құқықтары болған жағдайда, осындай Тараптың аумақтық теңізінің (суларының) шегінен тыс жерлерде теңіз түбінен немесе теңіз қойнауынан алынған өнім;

(j) осындай Тарапта өндіру және тұтыну нәтижесінде алынған қалдықтар мен сынықтар;

(k) осындай бұйымдар шикізатқа қайта өңдеу үшін ғана жарамды болған жағдайда, осындай Тарапта құрастырылған, тұтытуда болған бұйымдар;

(l) осындай Тарапта тіркелген ғарыш кемелерінде ашық ғарышта алынған өнім; және

(m) осындай Тарапта осы Баптың "a" - "l" тармақшаларында көрсетілген тауарлардан ғана алынған немесе өндірілген тауарлар.

5-бап

Шығарылмайтын материалдардың үлесі

Осы Қағидаларды қолдану мақсаттары үшін шығарылмайтын материалдар құнының пайыздық үлесі (бұдан әрі "NOM" деп аталады) мынадай формула бойынша есептеледі:

Шығарылмайтын материалдардың құны

NOM = _____ * 100%

FCA құны

мұндағы шығарылмайтын материалдардың құны:

- (a) Тарапқа әкелу кезіндегі осындай материалдардың кедендік құны; немесе
- (b) кедендік құны белгісіз немесе айқындау мүмкін болмаған жағдайда - тауарларды өңдеу немесе қайта өңдеу жүзеге асырылған Тараптың аумағында шығарылмайтын материалдар үшін төленген немесе төлеуге жататын, құжатпен расталған алғашқы баға.

6-бап

Жеткіліксіз өңдеу немесе қайта өңдеу

1. Бөлек немесе бір-бірімен ұштастырылып жүзеге асырылатын мына операциялар осы Қағидалардың 3-бабының талаптарын орындау үшін жеткіліксіз деп есептеледі:

- (a) тауарды тасымалдау немесе сақтау кезінде оның жай-күйінің сақталуын қамтамасыз ету бойынша операциялар;
- (b) мұздату және мұзын еріту;
- (c) қаптау және қайта қаптау;
- (d) жуу, тазалау, шаңын, тотығын, майын, бояуын немесе басқа жамылғыларын кетіру;
- (e) тоқыманы үтіктеу немесе сығымдау;
- (f) бояу, жалтырату, лактау, май жағу;
- (g) дәнді дақылдардың және күріштің қабығын аршу, ішінара немесе толығымен ағарту, тазалау және жылтырату;
- (h) қантты бояу немесе кесек қантты қалыптастыру;
- (i) жемістер, көкөністер мен жанғақтарды тазалау, дәндерін алу және олардың қабығын аршу;
- (j) қайрау, тегістеу немесе ұнтақтау;
- (k) кесу;
- (l) елеу, іріктеу, сұрыптау, сыныптау;
- (m) шөлмектерге, банкілерге, флакондарға өлшеп-қю, қаптарға, жәшіктерге, қораптарға өлшеп-салу, үстіңгі бетке бекіту және қаптау бойынша басқа да операциялар;

(п) өнімге немесе оның қаптамасына белгілерді, логотиптерді, заттаңбаларды және басқа да осыған ұқсас айырым белгілерін салу немесе мөрін басу;

(о) өнімдерді (құрамдастарды) алынған өнімнің бастапқы құрамдастарынан айтарлықтай ерекшеленуіне алып келмейтіндей араластыру;

(р) тауарды қарапайым құрастыру және тауарды бөліктерге бөлшектеу;

(қ) малды сою, етті сұрыптау; және

(г) тауарларды мақсаты бойынша пайдалану.

2. Осы Баптың 1-тармағын қолдану мақсаттары үшін қарапайым операция деп жүзеге асырылуы үшін арнайы машықты (дағдыларды), осы операцияға арналған арнаулы машиналарды, аспаптарды немесе жабдықты қолдану талап етілмейтін операция түсініледі.

7-бап

Шығару тегінің кумуляциясы

Осы Қағидалардың 3-бабына нұқсан келтірілмей, бір Тараптан шығарылатын және екінші Тарапта тауар өндірісінде пайдаланылатын тауарлар осы Қағидалардың 6-бабының 1-тармағында көрсетілген операциялардан ерекшеленетін, оларды қайта өңдеу бойынша соңғы операциялар орындалған Тараптан шығарылған тауарлар ретінде қарастырылуға тиіс. Кейіннен қайта өңдеу үшін пайдаланылатын тауарлардың шығу тегі құжатпен расталуға тиіс.

8-бап

De Minimis

1. Тауар сыныптамасын өзгерту жөніндегі талаптарды қанағаттандырмайтын тауарлар, дегенмен, егер мұндай тауарлар осы Қағидалардың қолданылатын қалған талаптарына сай келсе және оларға қатысты тауарлардың шығу тегін айқындаудың осындай өлшемшарты орындалмайтын барлық пайдаланылатын шығарылмайтын материалдардың құны FCA шарттарындағы тауарлар құнының он (10) пайызынан аспаса, шығарылатын тауарлар ретінде қарастырылады.

2. Осы Баптың 1-тармағында көрсетілген материалдардың құны NOM-ды есептеу мақсаттары үшін шығарылмайтын материалдардың құнына қосылуға тиіс.

9-бап

Керек-жарақ, қосалқы бөлшектер, құралдар, нұсқаулықтар және ақпараттық материалдар

1. Осы Баптың 2-тармағында көрсетілген керек-жарақтың, қосалқы бөлшектердің, құралдардың, нұсқаулықтардың және ақпараттық материалдардың шығу тегі олармен бірге берілетін тауарлардың шығу тегімен бірдей болуға тиіс.

2. Осы Бапты қолдану мақсаттары үшін керек-жарақ, қосалқы бөлшектер, құралдар, нұсқаулықтар және ақпараттық материалдар деп мыналар түсініледі:

(а) тауарлармен бірге сыныпталатын және берілетін керек-жарақ, қосалқы бөлшектер, құралдар, нұсқаулықтар және ақпараттық материалдар. Бұл ретте оларға жеке инвойс қойылмауға тиіс; және

(б) тауарлармен бірге ұсынылған керек-жарақтың, қосалқы бөлшектердің, құралдардың, нұсқаулықтардың және ақпараттық материалдардың жиынтығы, саны мен құны осындай тауарлар үшін әдеттегідей болып табылады.

3. Осы Баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, NOM-ды есептеу мақсаттары үшін керек-жарақтың, қосалқы бөлшектердің, құралдардың, нұсқаулықтар мен ақпараттық материалдардың құны тауарларды өндіру кезінде пайдаланылатын шығарылатын немесе шығарылмайтын материалдардың құнын есептеу кезінде есепке алынады.

10-бап

Бөлшек саудаға арналған қаптама материалдар мен ыдыстар

1. Бөлшек саудаға арналған және тауарлармен бірге сыныпталатын қаптама материалдар мен ыдыстардың шығу тегі олармен бірге берілетін тауарлардың шығу тегімен бірдей қарастырылуға тиіс.

2. Осы Баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, NOM-ды есептеу мақсаттары үшін бөлшек саудаға арналған қаптама материалдар мен ыдыстардың құны тауарларды өндіру кезінде пайдаланылатын шығарылатын немесе шығарылмайтын материалдардың құнын есептеу кезінде есепке алынады.

11-бап

Тасымалдауға арналған қаптама материалдар мен ыдыстар

Тауарларды тасымалдауға ғана арналған қаптама материалдар мен ыдыстар тауарлардың шығу тегін айқындау кезінде есепке алынбауға тиіс.

12-бап

Жинақтар

Үйлестірілген жүйені интерпретациялаудың үшінші Негізгі қағидасына сәйкес жинақтар ретінде сыныпталатын тауарлар, егер мұндай жинақтың барлық құрамдасы шығарылатын тауарлар болып табылса, шығарылатын тауарлар ретінде қарастырылуға тиіс. Сонымен қатар, шығарылатын тауарлардан да және шығарылмайтын тауарлардан

да тұратын жинақ, егер ондағы шығарылмайтын тауарлардың құны FCA беру шарттарындағы жиынтық құнының он бес (15) пайызынан аспаса, шығарылатын жинақ деп танылады.

13-бап

Аралық тауарлар

Егер шығарылмайтын материалдар осы Қағидалардың 3-бабында көрсетілген талаптарға сай келсе, онда олардан алынған тауарлар шығарылатын тауарлар болып есептеледі және осы тауарларды түпкілікті тауарды кейіннен өндіру үшін пайдаланған кезде мұндай шығарылмайтын тауарлар осындай түпкілікті тауардың шығу тегін айқындау кезінде есепке алынбайды.

14-бап

Жанама материалдар

Тауарлардың шығу тегін айқындау кезінде өндіру кезінде пайдаланылуы мүмкін және тауарлардың құрамына қосылмайтын мынадай жанама материалдардың:

- (a) отынның және энергияның;
- (b) құралдардың, мөртабандардың және пресс-нысандардың;
- (c) жабдық пен ғимараттарға техникалық қызмет көрсету кезінде пайдаланылатын қосалқы бөлшектер мен материалдар;
- (d) өндірісте немесе жабдық пен ғимараттарды пайдалану кезінде пайдаланылатын жағармай материалдарының, қоспалардың және басқа да материалдардың;
- (e) қауіпсіздікті қамтамасыз етуге арналған қолғаптардың, көзілдіріктің, аяқ киімнің, киімнің, жабдықтың;
- (f) тауарларды тестілеу немесе тексеру үшін пайдаланылатын жабдықтың, құрылғылардың;
- (g) катализаторлардың және еріткіштердің; және
- (h) тауарлар құрамына қосылмаған, бірақ тауарларды өндіру кезінде оларды пайдалану өндірістік процестің бір бөлігі ретінде ұсынылуы мүмкін кез келген басқа да материалдардың шығу тегі есепке алынбайды.

15-бап

Тікелей беру

1. Тараптар арасында немесе Тараптар болып табылмайтын елдердің аумағы арқылы тікелей өткізілетін шығарылатын тауарларды тасымалдау процесінде мынадай шарттар сақталған кезде:

(а) тауарларды түсіру, тиеу, сақтау бойынша операцияларды және олардың жай-күйінің сақталуын қамтамасыз етуге бағытталған басқа да қажетті операцияларды қоспағанда, тауарлар қандай да бір операцияларға ұшырамаса; және

(b) тауарлар мұндай елдерде сауда немесе тұтыну объектісі болмаса, оларға қатысты тарифтік преференциялар беріледі.

2. Егер шығарылатын тауарлар Тараптар болып табылмайтын елдердің аумағы арқылы берілетін болса, импорттаушы Тараптың кеден органы на мынадай құжаттардың бірі ұсынылуға тиіс:

(а) тауарларды бір Тараптың аумағынан екінші Тараптың аумағына өткізу маршрутын растайтын және тауарлардың сипаттамасын қамтитын, сондай-ақ тасымалдау шарттарына байланысты қолданылатын, пайдаланылатын көлік құралдарының атауын және контейнерлердің нөмірін қамтитын көлік құжаттары; немесе

(b) тауарлардың сипаттамасын қамтитын, сондай-ақ тауарлардың кедендік бақылауда болуын және осы Баптың 1-тармағының "а" тармақшасында көзделген шарттардың орындалуын растайтын, тауарлардың транзиттік өткізілуі жүріп жатқан Тараптар болып табылмайтын елдердің кеден органдары берген құжаттар.

3. Осы Баптың 2-тармағында көрсетілген құжаттарға қосымша тікелей берудің сақталуын растайтын кез келген басқа да құжаттар ұсынылуы мүмкін.

4. Егер декларант импорттаушы Тараптың кеден органдарына тікелей беру шарттарының сақталуын құжатпен растауды ұсынбаса, тарифтік преференциялар берілмейді.

16-бап

Үшінші елдің инвойсы

Импорттаушы Тарап осы Қағидаларда көзделген талаптар сақталған жағдайда, Тарапта тіркелген тұлға, сол сияқты Тарап болып табылмайтын елде тіркелген тұлға инвойс қойған шығарылатын тауарларға қатысты тарифтік преференциялар беруге тиіс.

II БӨЛІМ. ТАУАРЛАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІН ҚҰЖАТПЕН РАСТАУ

17-бап

Жалпы талаптар

1. Тараптан шығарылатын тауарларды кез келген Тарапқа әкелу кезінде тауардың шығу тегі туралы мынадай құжаттардың бірі:

(а) осы Қағидалардың 28-бабында белгіленген жағдайларды қоспағанда, осы Қағидалардың 19-бабына сәйкес берілген тауардың шығу тегі туралы сертификат (ЕАМ нысаны); немесе

(b) осы Қағидалардың 21-бабына сәйкес ресімделген тауардың шығу тегі туралы декларация ұсынылған жағдайда, осындай тауарларға қатысты тарифтік преференциялар беріледі.

2. Осы Баптың 1-тармағының ережелеріне қарамастан, осы Қағидалардың 18-бабында белгіленген жағдайларда, осы Бапта көзделген қандай да бір құжаттарды ұсынбастан, шығарылатын тауарларға қатысты тарифтік преференциялар берілуге тиіс.

18-бап

Тауарлардың шығу тегі туралы құжаттарды ұсыну талап етілмейтін жағдайлар

Әкелінетін тауарлардың кедендік құны екі жүз (200) еуродан немесе импорттаушы Тараптың валютасына баламалы мәннен аспайтын жағдайларда, мұндай әкелу бір немесе бірнеше берудің бір бөлігі болып табылмайтын, оларға қасақана бөлу тауардың шығу тегі туралы құжатты ұсынудан жалтару тәсілі ретінде негізді түрде қарастырылуы мүмкін жағдайларда, тарифтік преференциялар алу мақсаттары үшін тауардың шығу тегі туралы құжаттар талап етілмейді.

19-бап

Тауардың шығу тегі туралы сертификат

1. Тауардың шығу тегі туралы сертификат өндірушінің, экспорттаушының немесе олардың уәкілетті өкілдерінің өтініші негізінде Тараптың уәкілетті органы беретін тауарлардың шығу тегін растайтын құжат болып табылады. Өтініш жазбаша түрде немесе, егер экспорттаушы Тараптың заңнамасына сәйкес рұқсат етілсе, электрондық түрде ресімделуге тиіс.

2. Осы Қағидалардың 28-бабының 3-тармағында көзделген жағдайларды қоспағанда, тауардың шығу тегі туралы сертификат қағаз жеткізгіштегі түпнұсқа құжат түрінде беріледі.

3. Экспортталатын тауарлар осы Қағидаларды түсінуде Тарап аумағынан шығарылатын болып есептелуі мүмкін барлық жағдайда тауардың шығу тегі туралы сертификат тауарлар экспортталғанға дейін немесе оларды экспорттау кезінде беріледі.

4. Экспорттаушы Тараптың уәкілетті органы осы Қағидаларға Қосымшада көзделген форматқа және оны толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес тауардың шығу тегі туралы сертификат беруді қамтамасыз етуге тиіс.

5. Тауардың шығу тегі туралы сертификат тауарлардың бір партиясына беріледі және оны уәкілетті орган берген күннен бастап он екі (12) ай ішінде тарифтік преференциялар беру мақсаттары үшін пайдаланылуы мүмкін. Берілген тауарлардың нақты салмағы тауардың шығу тегі туралы сертификатта көрсетілген салмақтың бес (5) пайызынан аспауға тиіс.

20-бап

Тауардың шығу тегі туралы сертификатты берудің ерекше жағдайлары

1. Егер тауардың шығу тегі туралы сертификат тауарлар экспортталғанға дейін немесе оларды экспорттау кезінде берілмеген жағдайда, ол кейіннен берілуі мүмкін. Бұл жағдайда тауардың шығу тегі туралы сертификатта "КЕЙІННЕН БЕРІЛДІ" ("ISSUED RETROACTIVELY" немесе "ISSUED RETROSPECTIVELY") деген сөздер болуға тиіс.

2. Қағаз жеткізгіште түпнұсқа құжат түрінде берілген тауардың шығу тегі туралы сертификат ұрланған, жоғалған немесе жойылған жағдайда, өндіруші, экспорттаушы немесе олардың уәкілетті өкілдері оның расталған телнұсқасын алу үшін уәкілетті органға жүгіне алады. Расталған телнұсқада "ТАУАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ СЕРТИФИКАТТЫҢ ТЕЛНҰСҚАСЫ, НӨМІРІ_ КҮНІ " ("DUPLICATE OF THE CERTIFICATE OF ORIGIN NUMBER DATE") деген сөздер болуға тиіс. Тауардың шығу тегі туралы сертификаттың расталған телнұсқасы тарифтік преференциялар беру мақсаттары үшін тауардың шығу тегі туралы сертификаттың түпнұсқасы берілген күннен бастап он екі (12) айдан аспайтын, осындай телнұсқа берілген мерзім ішінде пайдаланылуы мүмкін.

3. Тауардың шығу тегі туралы сертификатта жасалған кездейсоқ қателер немесе олқылықтар анықталған жағдайда, уәкілетті орган осындай қателер немесе олқылықтар бар сертификаттың орнына тауардың шығу тегі туралы жаңа сертификат беруге тиіс. Бұл ретте кездейсоқ қателер немесе олқылықтар анықталған сертификат жойылуға тиіс. Бұл жағдайда тауардың шығу тегі туралы мұндай жаңа сертификатта "ТАУАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ СЕРТИФИКАТТЫҢ ОРНЫНА БЕРІЛДІ, НӨМІРІ_ КҮНІ _" ("ISSUED IN SUBSTITUTION FOR THE CERTIFICATE OF ORIGIN NUMBER DATE ") деген сөздер болуға тиіс. Тауардың шығу тегі туралы жаңа сертификат тауардың шығу тегі туралы осындай жаңа сертификат берілген күннен бастап он екі (12) айдан аспайтын мерзім ішінде тарифтік преференциялар беру мақсаттары үшін пайдаланылуы мүмкін.

4. Басқа Тараптардың аумағында қандай да бір қайта өңдеуге немесе өңдеуге ұшырамаған шығарылатын тауарлар Тараптар арасында өткізілген жағдайда, тауарларды экспорттау болжанатын Тараптың уәкілетті органы ауыстырылатын сертификат бере алады. Ауыстырылатын сертификат осындай тауарлар бұрын әкелінген Тараптың уәкілетті органы берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттың негізінде берілуге тиіс және онда "ТАУАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ СЕРТИФИКАТ НЕГІЗІНДЕ БЕРІЛДІ, НӨМІРІ_ КҮНІ _" ("ISSUED ON THE BASIS OF CERTIFICATE OF ORIGIN NUMBER- DATE _") деген сөздер болуға тиіс. Тауардың шығу тегі туралы осындай ауыстырылатын сертификат тауардың шығу тегі туралы осындай ауыстырылатын сертификат берілген күннен бастап он екі (12) айдан

аспайтын мерзім ішінде тарифтік преференциялар беру мақсаттары үшін пайдаланылуы мүмкін.

21-бап

Тауардың шығу тегі туралы декларация

1. Өндіруші немесе экспорттаушы кедендік құны бес мың (5000) еуродан немесе импорттаушы Тараптың валютасымен баламалы мәннен аспайтын шығарылатын тауарлар партиясына осы Қағидалардың 17-бабы 1-тармағының "b" тармақшасында көрсетілген тауардың шығу тегі туралы декларация ресімдеуі мүмкін.

2. Тауарға қатысы бар кез келген коммерциялық құжатта өндіруші немесе экспорттаушы жасаған тауардың шығу тегі туралы мәлімдеме тауардың шығу тегі туралы декларацияны білдіреді. Тауардың шығу тегі туралы декларация ағылшын тілінде баспа тәсілімен жазылуға тиіс.

3. Экспорттаушы Тараптың верификациялаушы органының сұрау салуы бойынша тауардың шығу тегі туралы декларацияны ресімдеген өндіруші немесе экспорттаушы осындай сұрау салуда көрсетілген тауарлардың шығу тегін, сондай-ақ олардың осы Қағидалардың өзге де талаптарына сәйкестігін растайтын барлық қажетті құжаттарды кез келген уақытта ұсынуға дайын болуға тиіс.

4. Тауарлардың шығу тегі туралы декларация шығарылатын тауарлардың бір партиясына ресімделеді және ол куәландырылған күннен бастап он екі (12) ай ішінде тарифтік преференциялар беру мақсатында пайдаланылуы мүмкін. Берілген тауарлардың нақты салмағы тауардың шығу тегі туралы декларацияны қамтитын коммерциялық құжатта көрсетілген салмақтың бес (5) пайызынан көп аспауға тиіс.

5. Импорттаушы Тараптың кеден органдарында тауардың шығу тегі туралы декларацияда мәлімделген мәліметтердің анықтығына немесе тауарлардың шығу тегін айқындау өлшемшарттарына тауарлардың сәйкестігіне қатысты негізделген күмәндар болған жағдайда, мұндай кеден органдары тауардың шығу тегі туралы сертификатты сұратуға құқылы.

22-бап

Болмашы алшақтықтар

1. Егер тауардың шығу тегі күмән тудырмаса, тауардың шығу тегі туралы құжатта қамтылған ақпарат пен импорттаушы Тараптың кеден органына ұсынылған құжаттарда қамтылған ақпарат арасындағы болмашы алшақтықтарды анықтау, егер он да көрсетілген мәліметтер ұсынылған тауарларға іс жүзінде сәйкес келсе, ол өзінен-өзі тауардың шығу тегі туралы құжатты жарамсыз деп тану үшін негіз болып табылмауға тиіс.

2. Егер тауардың шығу тегі туралы құжатта бірнеше тауар мәлімделсе, онда осындай тауарлардың біреуіне қатысты проблеманың туындауы тауардың шығу тегі туралы осындай құжатта көрсетілген қалған тауарларға қатысты тарифтік преференциялар беруге әсер етпеуге немесе оларды беруді кейінге қалдырмауға тиіс.

23-бап

Құжаттарды сақтау жөніндегі талаптар

1. Тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру туралы өтінішпен жүгінген өндіруші немесе экспорттаушы уәкілетті органға ұсынылған барлық құжаттаманы және құжаттардың көшірмелерін тауардың шығу тегі туралы сертификат берілген күннен бастап кемінде үш (3) жыл сақтауға тиіс.

2. Өзіне тарифтік преференциялар берілген импорттаушы тауардың шығу тегі туралы құжаттың көшірмесін осындай тарифтік преференциялар берілген күннен бастап кемінде үш (3) жыл сақтауға тиіс.

3. Тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру туралы өтінішті және онымен байланысты барлық құжатты уәкілетті орган тауардың шығу тегі туралы осындай сертификат берілген күннен бастап кемінде үш (3) жыл сақтауға тиіс.

4. Тауардың шығу тегі туралы декларацияны ресімдеген өндіруші немесе экспорттаушы тауарлардың шығу тегін растайтын құжаттардың барлық құжаттамасы мен көшірмелерін тауардың шығу тегі туралы осындай декларация куәландырылған күннен бастап кемінде үш (3) жыл сақтауға тиіс.

III БӨЛІМ. ТАРИФТІК ПРЕФЕРЕНЦИЯЛАР

24-бап

Тарифтік преференциялар беру

1. Осы Келісімде көзделген тарифтік преференциялар осы Қағидалардың талаптарына сай келетін шығарылатын тауарларға қатысты беріледі.

2. Импорттаушы Тараптың кеден органдары мынадай шарттарды:

(а) әкелінетін тауарлар осы Қағидалардың 3-бабында белгіленген тауарлардың шығу тегін айқындау өлшемшарттарына сәйкес келген;

(b) осы Қағидалардың 15-бабында белгіленген тікелей жеткізу талаптары сақталған; және

(с) әкелінетін тауарлардың шығу тегі осы Қағидалардың талаптарына сәйкес тауардың шығу тегі туралы құжатпен расталған орындаған кезде шығарылатын тауарларға қатысты тарифтік преференциялар береді.

3. Егер тауарларды әкелу кезінде тауардың шығу тегі туралы тиісті құжат немесе оны тікелей жеткізу талабын сақтау құжат түрінде растау берілмесе, импорттаушы

Тарап мұндай тауарға барынша қолайлылық режимі шеңберінде қолданылатын кедендік әкелу бажының мөлшерлемесінде салық салады немесе, егер көзделген болса, кедендік әкелу бажын төлеу бойынша міндеттің орындалуын қамтамасыз етуді енгізуді талап етеді. Көрсетілген жағдайда импорттаушы Тараптың заңнамасы мен қағидаларына сәйкес импорттаушы тарифтік преференцияларды қалпына келтіру және осы Баптың барлық талабы орындалған жағдайда кедендік декларация тіркелген күннен бастап он екі (12) ай ішінде кедендік әкелу баждарының артық төленген сомасын немесе енгізілген қамтамасыз етуді қайтару бойынша өтінішпен жүгіне алады.

4. Осы Баптың 2-тармағының ережелеріне қарамастан, егер импорттаушы Тараптың кеден органдарының тарифтік преференциялар мәлімделген тауарлардың шығу тегіне және (немесе) тауардың шығу тегі туралы ұсынылған сертификаттың анықтығына қатысты негізделген күмәндары болса, мұндай кеден органдары осы тауарларға қатысты тарифтік преференциялар беруді верификациялық рәсімдердің нәтижелерін алу үшін қажетті кезеңге тоқтата тұруы мүмкін. Дегенмен, мұндай тауарларды кеден органдары осындай импорттаушы Тараптың заңнамасы мен қағидаларының талаптарына сәйкес шығаруы мүмкін.

25-бап

Тарифтік преференцияларды беруден бас тарту

1. Егер тауарлар осы Қағидалардың талаптарына сәйкес келмеген тауарларды импорттаушы немесе экспорттаушы осы Қағидалар ережелерінің сақталуын қамтамасыз етпесе, импорттаушы Тараптың кеден органы тарифтік преференцияларды беруден бас тартады және осындай Тараптың заңнамасы мен қағидаларына сәйкес төленбеген кеден баждарын өндіріп алады.

2. Импорттаушы Тараптың кеден органдары мынадай жағдайларда:

(а) тауарлар осы Қағидалардың 3-бабында көзделген тауарлардың шығу тегін айқындау өлшемшарттарына сәйкес келмеген;

(б) осы Қағидалардың 15-бабында белгіленген тікелей жеткізу талаптары сақталмаған;

(с) тауардың шығу тегі туралы құжат импорттаушы Тараптың кеден органдарына ұсынылмаған немесе тауардың шығу тегі туралы ұсынылған құжат осы Қағидаларға Қосымшада көзделген талаптар бұза отырып ресімделген немесе толтырылған;

(д) тауардың шығу тегі туралы құжатта көрсетілген тауарлар кедендік декларацияда көрсетілген тауарлармен сәйкестендірілмеген жағдайда тарифтік преференцияларды беруден бас тартады. Дегенмен, импорттаушы Тараптың кеден органдарының тауардың шығу тегі туралы құжатта көрсетілген Үйлестірілген жүйе бойынша тауар кодының тауардың нақты сыныптамасына сәйкес келмеуі өзінен-өзі тарифтік преференцияларды беруден бас тартуға себеп болмауға тиіс;

(e) декларацияланған әкелінген тауарлардың нақты салмағы тауардың шығу тегі туралы құжатта көрсетілген салмақтың бес пайызынан асқан;

(f) осы Қағидалардың 21-бабының 5-тармағында, сондай-ақ 28-бабының 5 және 9-тармақтарында көзделген жағдайларда импорттаушы Тараптың кеден органының сұрау салуы бойынша тауардың шығу тегі туралы сертификат ұсынылмаған;

(g) кедендік декларацияны тіркеу күніне тауардың шығу тегі туралы қағаз жеткізгіштегі түпнұсқа сертификатта, оның көшірмесінде немесе тауардың шығу тегі туралы электрондық сертификатта қамтылған ақпарат осы Қағидалардың 28-бабында көрсетілген электрондық дерекқорда қамтылған ақпаратқа сәйкес келмеген;

(h) осы Қағидалардың 29 және 30-баптарына сәйкес орындалған верификациялық рәсімдер тауарлардың шығу тегін айқындауға мүмкіндік бермеген немесе тауарлардың тауардың шығу тегін айқындау өлшемшарттарына сәйкес келмейтінін куәландырған;

(i) экспорттаушы Тараптың верификациялаушы органы тауардың шығу тегі туралы сертификаттың берілмегенін (яғни жалған болып табылатынын) не күші жойылғанын (кері қайтарылғанын) растаған;

(j) импорттаушы Тараптың кеден органы верификация туралы сұрау салу жіберілген күннен бастап төрт (4) ай ішінде экспорттаушы Тараптың верификациялаушы органынан жауап алмаған не алынған жауапта тауарлардың шығу тегін айқындау үшін жеткілікті мәліметтер қамтылмаған;

(k) импорттаушы Тараптың кеден органы осы Қағидалардың 30-бабының 2-тармағында көзделген верификациялық сапар жасау туралы сұрау салу жіберілген күннен бастап алпыс (60) күн ішінде экспорттаушы Тараптың верификациялаушы органынан осы Қағидалардың 30-бабының 5-тармағында көзделгендей осындай сапар жасауға жазбаша келісім алмаған немесе осындай верификациялық сапар жасауға бас тартқан жағдайларда тарифтік преференцияларды беруден бас тартады.

IV БӨЛІМ. ӘКІМШІЛІК ҮНТІМАҚТАСТЫҚ

26-бап

Уәкілетті және верификациялаушы органдар

Тараптардың үкіметтері уәкілетті және верификациялаушы органдарды тағайындауға немесе сақтауға тиіс.

27-бап

Хабарламалар

1. Осы Келісім күшіне енгенге дейін әрбір Тарап тиісінше Еуразиялық экономикалық комиссия мен Моңғолияның құзыретті органы арқылы мынадай мәліметтерді:

(a) Тараптардың әрбір уәкілетті және верификациялаушы органының атаулары мен мекенжайларын;

(b) Тараптардың уәкілетті органдарының мөр бедерлерінің түпнұсқа және түсінікті үлгілерін;

(c) верификациялық рәсімдерді оңайлату мақсатында Тараптардың кеден және верификациялаушы органдарының электрондық поштасының байланыс мекенжайларын;

(d) осы Қағидалардың 28-бабында көрсетілген электрондық дерекқорлардың электрондық мекенжайларын, сондай-ақ осындай электрондық дерекқорларға қол жеткізуді жүзеге асыру үшін қажетті талаптар туралы ақпаратты (егер талап етілсе, пайдаланушылардың аттары мен парольдерді) екінші Тарапқа жіберуге тиіс.

2. Моңғолия Еуразиялық экономикалық комиссияға осы баптың 1-тармағының "b" тармақшасында көрсетілген мәліметтерді, сондай-ақ осындай мәліметтердің кез келген өзгерістері туралы ақпаратты алты түпнұсқа данада ұсынады. Еуразиялық экономикалық комиссия Моңғолиядан осындай ақпараттың қосымша жиынтықтарын ұсынуды сұратуға құқылы.

3. Еуразиялық экономикалық комиссия мен Моңғолия Интернет желісінде Тараптардың әрқайсысының уәкілетті және верификациялаушы органдарының атаулары мен мекенжайлары туралы мәліметтерді жариялайды.

4. Осы Бапта көзделген мәліметтердің кез келген өзгерістері туралы ақпарат Еуразиялық экономикалық комиссия мен Моңғолияның құзыретті органы арқылы уақтылы және осындай тәртіппен жіберілуге тиіс.

5. Осы Қағидалардың шеңберіндегі кез келген хабарламалар мен өзара іс-қимылдарды Тараптар тиісті органдар арқылы ағылшын тілінде жүзеге асырады.

28-бап

Электрондық дерекқорларды пайдалану.

Тауарлардың шығу тегі туралы деректер алмасудың электрондық жүйесін әзірлеу және ендіру

1. Тараптар тарифтік преференцияларды алу рәсімін оңайлату мақсатында уәкілетті органдардың тауардың шығу тегі туралы берілген сертификаттар туралы ақпаратты қамтитын және импорттаушы Тараптың кеден органдарына тауардың шығу тегі туралы осындай сертификаттардың төлнұсқалығын тексеруге мүмкіндік беретін қорғалған электрондық дерекқорларды (бұдан әрі "электрондық дерекқорлар" деп аталады) пайдалана алады.

2. Электрондық дерекқорлар мынадай:

(a) қамтылған мәліметтердің толықтығы, өзектілігі және анықтығы;

(b) қамтылған мәліметтерді рұқсатсыз қол жеткізуден, жойылудан, модификациялаудан немесе өзге де заңсыз әрекеттерден қорғау;

(c) тәулік бойы тиісті түрде жұмыс істеу;

(d) тауардың шығу тегі туралы сертификаттар туралы мәліметтерді (қолтаңбалар мен мөртабандар туралы мәліметтерді қоспағанда) осындай сертификаттар берілген күннен бастап бір (1) күннен кешіктірілмей электрондық дерекқорға енгізу және электрондық дерекқор мен сертификаттарда қамтылған мәліметтердің сәйкестігін қамтамасыз ету;

(e) осы Қағидалардың 23-бабының 3-тармағында көзделген мерзім ішінде тауардың шығу тегі туралы берілген сертификаттар туралы мәліметтерді сақтау; және

(f) импорттаушы Тараптың кеден органдарының электрондық дерекқорында қамтылған мәліметтерді сақтау (басып шығару) мүмкіндігі талаптарға сай болуға тиіс.

3. Мүдделі уәкілетті органдар электрондық дерекқорды ендірген немесе осы Баптың 6-тармағында көзделген Тауарлардың шығу тегі туралы деректер алмасудың электрондық жүйесін (бұдан әрі - "ТШДАЭЖ" деп аталады) іске асырған кезде тауардың шығу тегі туралы сертификаттар қағаз жеткізгіштегі сертификат түпнұсқасы ресімделмей электрондық түрде (бұдан әрі "тауардың шығу тегі туралы электрондық сертификат" деп аталады) берілуі мүмкін.

4. Егер Тараптар электрондық дерекқорды қолданған жағдайда тауардың шығу тегі туралы сертификаттың түпнұсқасын импорттаушы Тараптың кеден органдарына ұсыну талап етілмейді. Бұл жағдайда тарифтік преференцияларды беру үшін тауардың шығу тегі туралы сертификаттың көшірмесін (қағаз жеткізгіште немесе электрондық түрде) немесе тауардың шығу тегі туралы электрондық сертификатты ұсыну жеткілікті.

5. Егер тауардың шығу тегі туралы сертификат жөніндегі ақпарат кедендік декларация тіркелген күні электрондық дерекқорда қолжетімді болмаса, импорттаушы Тараптың кеден органы осы Баптың 3-тармағында көзделгендей, сертификат тек қана электрондық түрде берілетін жағдайларды қоспағанда, тауардың шығу тегі туралы сертификаттың түпнұсқасын ұсынуды талап етуге тиіс.

6. Қағазсыз сауданы одан әрі дамыту мақсатында Тараптар мәліметтерді электрондық түрде алмасу тұжырымдамасына негізделген ТШДАЭЖ әзірлеуге және оның жұмыс істеуін қамтамасыз етуге ұмтылуға тиіс.

7. ТШДАЭЖ экспорттаушы Тараптың уәкілетті органдары берген тауардың шығу тегі туралы сертификаттарда қамтылған ақпаратты импорттаушы Тараптың кеден органдарының деректерді электрондық түрде беру арқылы алу мүмкіндігін көздеуге тиіс.

8. ТШДАЭЖ ендірілген жағдайда тауардың шығу тегі туралы сертификаттың түпнұсқасы, оның көшірмесі немесе тауардың шығу тегі туралы электрондық

сертификат импорттаушы Тараптың кеден органдарына ұсынылмайды. Мұндай жағдайда тарифтік преференцияларды алу мақсаттары үшін кедендік декларацияда осындай сертификаттың берілген күні мен нөмірі көрсетілуге тиіс.

9. Егер тауардың шығу тегі туралы сертификат жөніндегі ақпарат кедендік декларация тіркелген күні ТШДАЭЖ-да қолжетімді болмаса, импорттаушы Тараптың кеден органы оны кейіннен электрондық дерекқорда тексеру үшін тауардың шығу тегі туралы сертификаттың көшірмесін ұсынуды талап етуге тиіс. Уәкілетті органда электрондық дерекқор болмаған кезде осы Баптың 3-тармағында көзделгендей сертификат тек қана электрондық түрде берілетін жағдайларды қоспағанда, тауардың шығу тегі туралы сертификаттың түпнұсқасы ұсынылады.

10. ТШДАЭЖ-ны қолдануға арналған барлық талап пен техникалық шарттар жекелеген хаттамада белгіленуге тиіс.

29-бап

Шығу тегін верификациялау

1. Тауардың шығу тегі туралы құжаттың түпнұсқалығына және (немесе) тауардың шығу тегі туралы құжатта мәлімделген тауарлардың осы Қағидалардың 3-бабында белгіленген тауарлардың шығу тегінің айқындау өлшемшарттарына сәйкестігіне қатысты негізделген күмәндар туындаған жағдайда, сондай-ақ іріктеп тексеруді жүзеге асыру кезінде импорттаушы Тараптың кеден органдары экспорттаушы Тараптың верификациялаушы органына тауардың шығу тегі туралы құжаттың түпнұсқалығын және (немесе) тауарлардың шығу тегін айқындау өлшемшарттарына сәйкестігін растау және (немесе) қажет болған кезде тауарларды өндіруші немесе экспорттаушы тарапынан құжат түрінде растауды (бұдан әрі "верификациялау туралы сұрау салу" деп аталады) ұсыну жөніндегі өтінішпен жүгіне алады.

2. Осы Қағидалардың 25-бабы 2-тармағының "b" - "g" тармақшаларында көрсетілген жағдайларда импорттаушы Тараптың кеден органдары тарифтік преференцияларды беруден бас тарту туралы шешім қабылдау мақсаттары үшін верификация туралы сұрау салуды жіберуге міндетті емес.

3. Верификациялау туралы барлық сұрау салу осындай сұрау салулар жіберілетін тауарларды сәйкестендіру үшін жеткілікті ақпарат, сондай-ақ тауардың шығу тегі туралы тиісті құжаттардың көшірмелері қоса берілуге тиіс және оларда мұндай сұрау салуларды жіберудің мән-жайлары мен себептері туралы мәліметтер қамтылуға тиіс.

4. Верификациялау туралы сұрау салуды алушы импорттаушы Тараптың кеден органдарына осындай верификациялау туралы сұрау салу жіберілген күннен бастап төрт (4) ай ішінде жауап беруге тиіс.

5. Верификациялау туралы сұрау салу мен оған ілеспе құжаттардың көшірмесі, сондай-ақ верификациялау туралы сұрау салуға жауап импорттаушы Тараптың кеден

органы мен экспорттаушы Тараптың верификациялаушы органы арасында осы Қағидалардың 27-бабының 1-тармағында көрсетілген электрондық поштаның байланыс мекенжайлары арқылы электрондық түрде жіберілуге тиіс.

6. Осы Баптың 1-тармағында көзделген сұрау салуға жауап ретінде экспорттаушы Тараптың верификациялаушы органы тауардың шығу тегі туралы құжаттың түпнұсқа болып табылатынын не табылмайтынын және (немесе) тауарларды осындай Тараптан шығарылған деп есептеуге болатынын не болмайтынын атап көрсетуге, оның ішінде тауардың шығу тегі туралы құжат ресімделген, тауарды өндірушіден және (немесе) экспорттаушыдан алынған сұрау салынатын құжаттарды ұсынуға тиіс. Верификациялау туралы сұрау салуға жауап алынғанға дейін осы Қағидалардың 24-бабы 4-тармағының ережелері қолданылуы мүмкін. Егер верификациялық рәсімдердің алынған нәтижелері тауарлардың шығарылатын тауарлар болып табылатынын және осы Қағидалардың барлық талабына сай келетінін біржақты түрде куәландыратын болса, төленген кедендік әкелу баждары немесе кедендік әкелу бажын төлеу бойынша міндетті орындаудың енгізілген қамтамасыз етуі қайтарылуға жатады.

30-бап

Көшпелі тексеру

1. Егер импорттаушы Тараптың кеден органдары осы Қағидалардың 29-бабында көрсетілген верификациялау туралы сұрау салудың нәтижелеріне қанағаттанбаған болса, олар айрықша мән-жағдайларда экспорттаушы Тарапқа осы Қағидалардың 23-бабында көрсетілген жазбаларды зерделеу мақсатында және (немесе) тауарларды өндіру кезінде пайдаланылатын объектілерді қарап-тексеру үшін көшпелі тексеру жүргізуге сұрау салу жібере алады.

2. Осы Баптың 1-тармағына сәйкес көшпелі тексеру жүргізілгенге дейін импорттаушы Тараптың кеден органдары осындай тексеру жүргізу ниеті туралы жазбаша сұрау салуды (бұдан әрі "көшпелі тексеру жүргізуге сұрау салу" деп аталады) экспорттаушы Тараптың верификациялаушы органына жіберуге тиіс.

Көшпелі тексеру жүргізуге сұрау салудың көшірмесі импорттаушы Тараптың кеден органы мен экспорттаушы Тараптың верификациялаушы органы арасында осы Қағидалардың 27-бабының 1-тармағында көрсетілген электрондық поштаның байланыс мекенжайлары арқылы электрондық түрде жіберілуге тиіс.

3. Осы Баптың 2-тармағында көрсетілген көшпелі тексеру жүргізуге сұрау салу барынша толық болуға және *inter alia*:

- (a) сұрау салуды жіберген Тарап кеден органдарының атауын;
- (b) үй-жайларына баруға тиісті болатын тауарларды өндірушінің және (немесе) экспорттаушының атауын;
- (c) көшпелі тексерудің болжамды күндерін;

(d) тексеру нысанасы болып табылатын тауарлар және олардың шығу тегіне байланысты күмәндар туралы мәліметтерді қоса алғанда, ұсынылатын көшпелі тексерудің көлемін; және

(e) өкілдері көшпелі тексеруге қатысу болжанатын құзыретті органдар туралы алдын ала ақпаратты қамтуға тиіс.

4. Экспорттаушы Тараптың верификациялаушы органы үй-жайларына баруға тиісті болатын тауарларды өндірушіден және (немесе) экспорттаушыдан көшпелі тексеру жүргізуге жазбаша келісімді сұратуға және оны сұрау салушы Тарапқа көшпелі тексеру жүргізуге сұрау салу жіберілген күннен бастап алпыс (60) күн ішінде жіберуге тиіс.

5. Егер верификациялаушы органның жазбаша келісімі көшпелі тексеру жүргізуге сұрау салу жіберілген күннен бастап алпыс (60) күн ішінде алынбаған немесе егер көшпелі тексеру жүргізуге бас тартылған жағдайда, сұрау салушы Тарап осындай көшпелі тексеру жүргізу болжанған тауардың шығу тегі туралы құжатта (құжаттарда) көрсетілген тауарларға қатысты тарифтік преференцияларды беруден бас тартады.

6. Кез келген көшпелі тексеру жазбаша келісім алынған күннен бастап алпыс (60) күн ішінде басталуға және осындай жазбаша келісім алынған күннен бастап бір жүз елу (150) күннен аспайтын ақылға қонымды мерзімде аяқталуға тиіс.

7. Көшпелі тексеруді импорттаушы және экспорттаушы Тараптардың құзыретті органдарының өкілдерінен тұратын тексеру тобы жүргізуге тиіс.

8. Экспорттаушы және импорттаушы Тараптардың құзыретті органдары тексеру тобына көшпелі тексеруді тиімді жүзеге асыру үшін қажетті жәрдем көрсетуге тиіс.

9. Көшпелі тексеру жүргізуге келісім берген тауарларды өндіруші және (немесе) экспорттаушы оны жүргізуге жәрдемдесуге, өндірістік үй-жайларға кіруді, көшпелі тексеру нысанасына жататын қаржылық (бухгалтерлік) және өзге де өндірістік құжаттарға қол жеткізуді қамтамасыз етуге, сондай-ақ қажет болған кезде кез келген қосымша ақпаратты және (немесе) құжаттарды ұсынуға тиіс.

10. Егер көшпелі тексеру жүргізу кезінде тексерілетін Тараптың органдары немесе ұйымдары тарапынан көшпелі тексеру жүргізу үшін осындай тексеруді жүргізуге мүмкіндік бермейтін кедергілер жасалса, импорттаушы Тараптың тиісті тауарларға қатысты тарифтік преференцияларды беруден бас тартуға құқығы бар.

11. Көшпелі тексеру нәтижелері есеп түріндегі құжатпен ағылшын тілінде ресімделуге тиіс, ол осындай тексеру жүргізілген тауарлардың осы Қағидалардың талаптарына сәйкестігі немесе сәйкес еместігі туралы біржақты куәландыруға тиіс.

12. Экспорттаушы Тараптың верификациялаушы органы тауарларына қатысты көшпелі тексеру жүргізілген өндірушіге немесе экспорттаушыға оның жүргізілгені туралы есептің көшірмесін осындай тексеру аяқталған күннен бастап жиырма (20) күннен кешіктірмей жіберуге тиіс.

13. Берілуі тоқтатыла тұрған немесе күші жойылған тарифтік преференциялар, егер көшпелі тексеру нәтижелері осындай тексеру нәтижелері жүргізілген тауарлардың осы

Қағидалардың талаптарына сай келетінін куәландырса, көшпелі тексеру негізінде қалпына келтірілуге тиіс.

14. Импорттаушы Тарап өкілдерінің көшпелі тексеру жүргізуге қатысуына байланысты барлық шығынды импорттаушы Тарап төлеуге тиіс.

31-бап

Құпиялылық

Осы Қағидаларға сәйкес берілетін бүкіл ақпаратты Тараптар өздерінің тиісті заңнамасы мен қағидаларына сәйкес құпия ақпарат ретінде қарастыруға тиіс. Мұндай ақпарат, оны ашу сот талқылаулары шеңберінде талап етілуі мүмкін жағдайларды қоспағанда, осындай ақпаратты ұсынған Тарап адамының немесе органының рұқсатынсыз ашылмауға тиіс.

32-бап

Айыппұлдар және алаяқтық әрекеттерге қарсы басқа да шаралар

Әрбір Тарап осы Қағидалардың талаптарын орындауға қатысы бар тиісті заңнама мен қағидаларды бұзғаны үшін қылмыстық немесе әкімшілік жауаптылық шараларын қолдануды көздеуге тиіс.

V БӨЛІМ. ӨТПЕЛІ ЕРЕЖЕЛЕР

33-бап

Тасымалдау немесе сақтау процесіндегі тауарлар

Тарифтік преференциялар, егер шығарылатын тауарлар импорттаушы Тараптың аумағына әкелінсе немесе осы Қағидалардың 24-бабында көзделген талаптар сақталған жағдайда импорттаушы Тараптың кеден органдары осы Келісім күшіне енген күні немесе сол күннен кейін декларацияласа, осы Келісім күшіне енген күнге дейін алты (6) айдан аспайтын кезең ішінде экспорттаушы Тараптан импорттаушы Тарапқа тасымалдау процесінде немесе импорттаушы Тарапта кедендік бақылаумен уақытша сақтауда болған осындай тауарларға қатысты берілуге тиіс.

ТАУАРЛАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІН АЙҚЫНДАУ ҚАҒИДАЛАРЫНА ҚОСЫМША

ТАУАРЛАРДЫҢ ШЫҒУ ТЕГІ ТУРАЛЫ СЕРТИФИКАТ

1. Exporter (business name, address and country)	4. No. _____ EAEU-MONGOLIA Interim Trade Agreement Certificate of Origin
---	---

2. Importer/Consignee (business name, address and country)			Form EAM Issued in _____ (country) For submission to _____ (country)		
3. Means of transport and route (as far as known)			5. For official use		
6. Item No.	7. Number and kind of packages	8. Description of goods	9. Origin criterion	10. Quantity of goods	11. Number and date of invoice
12. Certification It is hereby certified, on the basis of control carried out, that the declaration by the applicant is correct. Place Date Signature Stamp			13. Declaration by the applicant The undersigned hereby declares that the above details are correct, that all goods were produced in _____ (country) and that they comply with the rules of origin as provided for in Annex 3 (Rules of Origin) to the EAEU-Mongolia Interim Trade Agreement Place Date Signature Stamp		

Additional Sheet of Certificate of Origin (Form EAM) No. _____

6. Item No.	7. Number and kind of packages	8. Description of goods	9. Origin criterion	10. Quantity of goods	11. Number and date of invoice
12. Certification It is hereby certified, on the basis of control carried out, that the declaration by the applicant is correct. Place Date Signature Stamp			13. Declaration by the applicant The undersigned hereby declares that the above details are correct, that all goods were produced in _____ (country) and that they comply with the rules of origin as provided for in Annex 3 (Rules of Origin) to the EAEU-Mongolia Interim Trade Agreement Place Dale Signature Stamp		

Тауардың шығу тегі туралы сертификатты толтыру жөніндегі талаптар (ЕАМ нысанындағы)

Тауардың шығу тегі туралы сертификат (ЕАМ нысаны) пен тауарлар туралы мәліметтер бір парақта көрсетіле алмайтын жағдайда пайдаланылатын оның қосымша парақтары осы Қосымшада ұсынылған үлгіге сәйкес А4 (ISO) форматындағы түрлі-түсті қағаз парағында ресімделеді.

Осы Келісімге 3-қосымшаның 28-бабының 3-тармағында көзделгендей сертификат қағаз жеткізгіште сертификаттың түпнұсқасы ресімделмей электрондық түрде берілетін

жағдайларды қоспағанда, 6 бағаннан бастап 11 баған аралығында пайдаланылмаған орын кез келген кейінгі толықтырулар енгізу мүмкіндігін болғызбау үшін сызылып тасталуға тиіс.

Тауардың шығу тегі туралы сертификат:

(a) осы Қосымшада белгіленген үлгіге сәйкес ресімделуге тиіс;

(b) ағылшын тілінде толтырылуға тиіс;

(c) көрсетілуі 1, 2, 4, 7, 8, 9, 10, 11, 12, 13-бағандарда көзделген мәліметтердің ең аз жиынтығын қамтуға тиіс.

Тауардың шығу тегі туралы сертификатта қосымша мәліметтер, оның ішінде осы Келісімге 3-қосымшаның 28-бабында көзделген электрондық дерекқорды (URL-мекенжай, QR-код және басқалар) пайдалана отырып, тұлғаға осындай сертификатты тексеруді жүзеге асыруға мүмкіндік беретін ақпарат қамтылуы мүмкін.

1-баған: Тауарды экспорттаушы туралы мәліметтер: фирмалық атауы, мекенжайы мен елі көрсетіледі.

2-баған: Импорттаушы (міндетті түрде) мен тауарларды алушы (егер белгілі болса) туралы мәліметтер: фирмалық атауы, мекенжайы мен елі көрсетіледі.

3-баған: Жөнелту (тиеп жөнелту) күні, көлік құралының түрі (кеме, ұшақ және т.б.), жүктің түсірілген жері (порт, әуежай) сияқты тауарларды тасымалдаудың маршруты туралы мәліметтер (қаншалықты белгілі болса) көрсетіледі.

4-баған: Сертификаттың тіркеу нөмірі, сертификатты берген ел және осы сертификат арналған ел көрсетіледі.

5-баған: Мынадай белгілер:

тауардың шығу тегі туралы сертификат түпнұсқасының телнұсқасы берілген жағдайда "DUPLICATE OF THE CERTIFICATE OF ORIGIN NUMBERDATE ";

тауардың шығу тегі туралы бұрын берілген сертификаттың орнына сертификат берілген жағдайда "ISSUED IN SUBSTITUTION FOR THE CERTIFICATE OF ORIGIN NUMBER DATE ";

Тараптар арасында қандай да бір қайта өңдеуге немесе өңдеуге ұшырамаған, шығарылатын тауарларды алып өту жағдайында "ISSUED ON THE BASIS OF THE CERTIFICATE(S) OF ORIGIN NUMBER(S)_ DATE(S) ";

тауарлар экспортталғаннан кейін сертификат берілген жағдайда "ISSUED RETROACTIVELY" or "ISSUED RETROSPECTIVELY" көрсетіледі.

6-баған: Тауардың реттік нөмірі көрсетіледі.

7-баған: Қаптамалардың саны мен түрі көрсетіледі.

8-баған: Тауарлардың толық сипаттамасы, оның ішінде Үйлестірілген жүйе бойынша алты белгі деңгейіндегі тауардың коды, сондай-ақ, егер қолданылатын болса, тауарды сәйкестендіруге мүмкіндік беретін моделі мен сауда маркасы көрсетіледі. Егер мәліметтері бір сертификатта көрсетілген тауарлар әртүрлі Тараптардан шығарылатын болса, бағанда әрбір тауардың (Армения Республикасы, Беларусь Республикасы,

Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы немесе Моңғолия) шығу тегі туралы мәліметтер көрсетілуге тиіс.

9-баған: Төмендегі кестеде көрсетілген белгілемелерге сәйкес әрбір тауар үшін тауарлардың шығу тегін айқындау өлшемшарттары көрсетіледі:

Тауарлардың шығу тегін айқындаудың өлшемшарты	9-бағандағы белгілеме
Тауарлар Осы Келісімге 3-қосымшаның 4-бабына сәйкес толығымен Тарапта алынған немесе өндірілген	WO
Тауарлар Тараптардың біреуінде немесе бірнешеуінде шығарылатын материалдардан ғана Тарапта өндірілген	PE
Тауарлар шығарылмайтын материалдардың құны FCA шарттары бойынша тауарлар құнының елу (50) пайызынан аспаған жағдайда, Тарапта осындай шығарылмайтын материалдар пайдаланыла отырып өндірілген	NOM
Тауарлар Үйлестірілген жүйеге сәйкес алынған тауарлардың коды алғашқы төрт белгінің кез келгенінің деңгейінде шығарылмайтын материалдардың кодынан өзгеше болған жағдайда, Тарапта осындай шығарылмайтын материалдар пайдаланыла отырып өндірілген	CTH

10-баған: Тауардың саны: брутто салмағы (килограммен) немесе өзге де өлшем бірліктері (дана, литр және т.б.) көрсетіледі.

11-баған: Тауардың шығу тегі туралы сертификатты беру үшін уәкілетті органға ұсынылған инвойстың (тардың) нөмір(лер)і мен күн (дер)і көрсетіледі.

Тарап инвойстарды жазып бермеген жағдайларда "ТСІ" белгісі қойылуға, сондай-ақ мынадай мәліметтер:

(а) инвойс(тар)дың нөмір(лер)і мен күн(дер)і (егер тауардың шығу тегі туралы сертификат беру сәтінде мұндай мәліметтер қолжетімді болса); немесе

(б) осы Келісімнің Тарапы болып табылмайтын елдің атауы және (немесе) осындай инвойс жазып беретін адамның аты көрсетілуге тиіс.

Жоғарыда көрсетілгендерге қарамастан, егер тауарлардың шығу тегі күмән тудырмаса, Тарап инвойстарды жазып бермеген жағдайларда "ТСІ" белгісінің және көрсетілуі осы бағанды толтыру тәртібінде көзделген басқа да ақпараттың болмауы өзінен-өзі тарифтік преференцияларды беруден бас тарту үшін негіз болмауға тиіс.

12-баған: Тауардың шығу тегі туралы сертификаттың берілген күні мен орны туралы деректер көрсетіледі, уәкілетті орган мөрінің бедері, сондай-ақ уәкілетті орган лауазымды адамының қолтаңбасы қойылады. Сонымен қатар, осы Келісімге 3-қосымшаның 28-бабының 3-тармағында көзделгендей, сертификат қағаз жеткізгіштегі сертификаттың түпнұсқасы ресімделмей электрондық түрде берілген жағдайда, осы бағанда уәкілетті орган мөрінің бедері мен уәкілетті органның лауазымды адамының қолы болмауы мүмкін.

13-баған: Тауар шығарылатын Тараптың атауы (Армения Республикасы, Беларусь Республикасы, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Ресей Федерациясы немесе Моңғолия), өтініш жасалған орны мен күні көрсетіледі, өтініш берушінің қолы мен мөр бедері қойылады. Сонымен қатар, осы Келісімге 3-қосымшаның 28-бабының 3-тармағында көзделгендей, сертификат қағаз жеткізгіштегі сертификаттың түпнұсқасы ресімделмей электрондық түрде берілген жағдайда, осы бағанда өтініш берушінің мөр бедері мен қолы болмауы мүмкін. Егер тауардың шығу тегі туралы сертификатта әртүрлі Тараптардан шығарылатын бірнеше тауар туралы мәліметтер көрсетілсе, бағанда "See box 8" деген сөздер көрсетілуге тиіс.

Тауардың шығу тегі туралы сертификаттың (ЕАМ нысанындағы) мақсаттары үшін "the EAEU-Mongolia Interim Trade Agreement" деген сөздер Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер, екінші тараптан Моңғолия арасындағы уақытша сауда келісімін білдіреді.

4-ҚОСЫМША

ДАУЛАРДЫ ШЕШУ

1-бап

Мақсаттар

Осы Қосымшаның мақсаты, бұл мүмкін болатын жерде, өзара қолайлы шешімге қол жеткізу мақсатында осы Келісім шеңберінде туындайтын дауларды шешудің тиімді, пәрменді және транспарентті тетігін жасау болып табылады.

2-бап

Анықтамалар

Осы Қосымшаның мақсаттары үшін:

(a) "Төрелік топ" осы Қосымшаның 8-бабына сәйкес қалыптастырылатын Төрелік топты білдіреді;

(b) "Дау тараптары" шағым беретін Тарапты (талап қоюшы Тарап) да, және өзіне қатысты шағым берілген Тарапты (жауапкер Тарап) да білдіреді. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен Еуразиялық экономикалық одақ дау Тараптары ретінде бірлесіп немесе жеке әрекет ете алады. Соңғы жағдайда, егер шараны Еуразиялық экономикалық одаққа осындай мүше мемлекет қабылдаған болса, онда дау Тарапы Еуразиялық экономикалық одаққа осындай мүше мемлекет болуға тиіс, ал егер шараны Еуразиялық экономикалық одақ қабылдаған болса, онда ол дау Тарапы болуға тиіс;

(c) "Талап қоюшы Тарап" шағым беретін Тарапты білдіреді;

- (d) "Жауапкер Тарап" өзіне қатысты шағым берілетін Тарапты білдіреді;
- (e) "Төреші" осы Қосымшаның 8-бабына сәйкес құрылған Төрелік топтың мүшесін білдіреді;
- (f) "Төраға" Төрелік топтың төрағасы ролінде әрекет ететін төрешіні білдіреді;
- (g) "Ассистент" төрешіні тағайындау шарттары бойынша зерттеу жүргізетін немесе төрешіге жәрдем көрсететін адамды білдіреді;
- (h) "Күндер" демалыс және мереке күндерін қоса алғанда, күнтізбелік күндерді білдіреді.

3-бап

Қолданылу саласы

Егер осы Келісімде өзгеше көзделмесе, осы Қосымшаның ережелері Тараптардың қандай да бірі екінші Тараптың шарасы осы Келісімнің ережелерінде көзделген өз міндеттемесіне қайшы келеді немесе екінші Тарап осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін орындамайды деп есептеген жағдайда, осы Келісімнің ережелерін түсіндіру және (немесе) қолдану кезінде туындайтын Тараптар арасындағы кез келген дауларға қолданылуға тиіс.

4-бап

Ақпараттық өзара іс-қимыл

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер мен Еуразиялық экономикалық одақтың арасында осы Келісім шеңберінде туындайтын кез келген дауға қатысты кез келген процестік құжатты тарату осы Келісім бойынша құпиялылық туралы ережелерді және (немесе) ДСҰ келісімін бұзу ретінде қаралмайды.

5-бап

Консультациялар

1. Дау тараптары өзара қолайлы шешімді тұжырымдау мақсатында осы Қосымшаның 3-бабында аталған кез келген мәселе бойынша кез келген дауды консультациялар арқылы шешу үшін барлық күш-жігерін жұмсауға міндеттенеді.

2. Консультациялар жүргізуге сұрау салу жауапкер Тарапқа осы Келісімнің 27-бабына (Байланыс пункттері) сәйкес тағайындалған оның байланыс пункті арқылы жазбаша түрде жіберіледі және оны беру үшін негіздерді қамтуға, оның ішінде даудың нысанасы болып табылатын кез келген шараларды немесе өзге де мәселелерді айқындауға, сондай-ақ шағымның нақты және құқықтық негізін сипаттауға тиіс. Бірлескен комитет мұндай сұрау салудың жіберілгені туралы хабардар етілуге тиіс.

3. Егер консультациялар жүргізуге сұрау салу осы баптың 2-тармағына сәйкес жіберілген жағдайда, жауапкер Тарап сұрау салуға оны алған күннен бастап он (10) күн ішінде жазбаша түрде уақтылы жауап беруге және өзара қолайлы шешім тұжырымдау үшін сұрау салуды алған күннен бастап отыз (30) күн ішінде талап қоюшы Тараппен адал ынтымақтастық рухында консультацияларды бастауға тиіс.

4. Кейінге қалдыруға болмайтын, оның ішінде тез бұзылатын тауарларға қатысты жағдайларда консультациялар сұрау салуды алған күннен бастап он бес (15) күн ішінде жүргізіледі.

5. Осы баптың 3 және 4-тармақтарында көрсетілген мерзімдер дау Тараптарының уағдаластығы бойынша түзетілуі мүмкін.

6. Консультациялар барысында әрбір дау Тарапы қолданыстағы не болжамды шара немесе кез келген басқа да жағдай осы Келісімді орындауға және қолдануға әсер етуі мүмкін тәртіпті толық көлемде белгілеуді қамтамасыз ету үшін жеткілікті нақты ақпарат беруге тиіс.

7. Консультациялар, атап айтқанда, жария етілетін барлық ақпарат және тиісті талқылаулар барысында дау Тараптары қабылдаған барлық ұстаным құпия болып табылады және кез келген кейінгі талқылау шеңберінде дау Тараптарының кез келгенінің құқықтарына нұқсан келтірмейді. Дау Тараптары консультациялар барысында алмасуы жүзеге асырылатын кез келген құпия немесе қызметтік ақпаратты осындай ақпаратты беретін Тараптың өзі жасайтын тәртіппен пайдалануға тиіс.

8. Осы бап бойынша консультациялар барысында әрбір дау Тарапы өздерінің құзыретті үкіметтік органдарының немесе өзге де реттеуші органдарының консультациялар нысанасы болып табылатын мәселе бойынша тиісті білімі/тәжірибесі бар қызметшілерінің оларға қатысуын қамтамасыз етуге тиіс.

9. Консультациялар дау Тараптарының өзге уағдаластығы болмаса, жауапкер Тараптың аумағында өтеді. Дау Тараптарының уағдаластығы бойынша келіссөздер кез келген қолжетімді техникалық байланыс құралдары пайдаланыла отырып жүргізілуі мүмкін.

6-бап

Делдалдық, татуласу немесе медиация

1. Тараптар осы Қосымша бойынша дауды шешудің кез келген рәсімінің кез келген кезеңінде делдалдыққа, татуласуға немесе медиацияға жүгінуге құқылы. Екі Тарап кез келген уақытта делдалдыққа, татуласуға немесе медиацияға бастамашы болуы да, оны тоқтатуы немесе күшін жоюы да мүмкін.

2. Шеңберінде делдалдық, татуласу және медиация рәсімдері қолданылатын талқылаулар және атап айтқанда, дау Тараптарының осындай талқылаулар барысында

ұстанатын ұстанымдары құпия болып табылады және дау Тараптарының кез келгенінің одан арғы кез келген талқылаулардағы құқықтарына нұқсан келтірмейді.

7-бап

Төрелік топты құру туралы сұрау салу

1. Осы Қосымшаның 5-бабы бойынша консультациялар немесе осы Қосымшаның 6-бабында көзделген медиацияны жүргізуге сұрау салуды берген талап қоюшы Тарап, егер:

(а) жауапкер Тарап осы Қосымшаның 5-бабының 3 немесе 4-тармағына сәйкес мерзімдерді сақтамаса;

(б) дау Тараптары осы Қосымшаның 5-бабы бойынша консультациялар дауды жетпіс бес (75) күн ішінде немесе кейінге қалдыруға болмайтын жағдайларда, оның ішінде тез бұзылатын тауарларға қатысты осы Қосымшаның 5-бабының 3-тармағында аталған консультациялар жүргізуге сұрау салуды алған күннен бастап отыз (30) күн ішінде шешуге көмектеспеді деген бірлескен қорытындыға келсе; немесе

(с) жауапкер Тарап осы Қосымшаның 5-бабына сәйкес консультациялар барысында тұжырымдалған өзара қолайлы шешімді орындамаса, Төрелік топ құруды жазбаша түрде сұратуға құқылы.

2. Төрелік топты құруға сұрау салу жауапкер Тарапқа осы Келісімнің 27-бабына (Байланыс пункттері) сәйкес тағайындалған оның байланыс пункті арқылы жазбаша түрде жіберіледі, ал Бірлескен комитет осындай сұрау салудың жіберілгені туралы хабардар етілуге тиіс. Талап қоюшы Тарап өзінің сұрау салуында даудың нысанасы болып табылатын нақты шараны айқындауға және мұндай шараның осы Келісімде көзделген ережелерді қалайша бұзатынын шағымның нақты және құқықтық негізін жеткілікті түрде дәл көрсетуге мүмкіндік беретін тәртіппен түсіндіруге тиіс. Жауапкер Тарап сұрау салуды алған күнін көрсете отырып, талап қоюшы Тарапқа хабарлама жіберу арқылы сұрау салуды алғанын дереу растауға тиіс, бұл ретте Бірлескен комитет осындай сұрау салудың алынғаны туралы хабардар етілуге тиіс.

3. Егер дау Тараптары Төрелік топты құруға сұрау салуды алған күннен бастап жиырма (20) күн ішінде өзгеше уағдаласпаса, онда мыналар:

"Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Моңғолия арасындағы Уақытша сауда туралы келісімнің тиісті ережелері аясында осы Келісімге 4-қосымшаның 7-бабына сәйкес Төрелік топ құруға сұрау салуда аталған мәселелерді зерделеу, қаралып отырған шараның осы Келісімге 4-қосымшаның 3-бабында аталған ережелерге сәйкестігі туралы шешім шығару және тиісті ережелердің қолданылу фактілерін және кез келген алынған нәтижелер мен ұсынымдардың басты негіздемесін анықтау және осы Келісімге 4-қосымшаның 12-бабына сәйкес баяндама жасау" Төрелік топтың өкілеттіктері болып табылады.

Егер дау Тараптары Төрелік топтың өзге де өкілеттіктерін келіссе, олар мұндай міндеттерді осы тармақта белгіленген мерзімде Төрелік топтың назарына жеткізуге тиіс.

4. Кейінге қалдыруға болмайтын, оның ішінде тез бұзылатын тауарларға қатысты жағдайларда дау Тараптары барынша мүмкін болатын дәрежеде Төрелік топ құру процесін жеделдету үшін барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс.

8-бап

Төрелік топты қалыптастыру және құру

1. Төрелік топ үш (3) төрешіден тұрады.

2. Жауапкер Тарап Төрелік топты құруға сұрау салуды алған күннен бастап алпыс (60) күн ішінде әрбір дау Тарапы төрешіні тағайындайды.

Барлық төрешілер:

(a) құқық, халықаралық сауда саласында, осы Келісімде қамтылған өзге де салаларда немесе халықаралық сауда келісімдерінен туындайтын дауларды шешу саласында білімі және (немесе) тәжірибесі болуға;

(b) объективтілік, бейтараптық, адалдық және ақыл-ой парасаттылығы қағидаттарын қатаң сақтай отырып сайлануға;

(c) кез келген дау Тарапынан тәуелсіз болуға, олардың үлестес тұлғалары болмауға немесе олардың нұсқаулықтарына сәйкес әрекет етпеуге;

(d) өз міндеттерін жеке түрде орындауға, кез келген ұйымның немесе үкіметтің нұсқаулықтарын ұстанбауға не кез келген дау Тарапы үкіметінің үлестес тұлғалары болмауға;

(e) дау Тараптарына өздерінің тәуелсіздігіне немесе бейтараптығына орынды күмәндар үшін негіз болуы мүмкін, оның ішінде қаралатын мәселе бойынша тікелей немесе жанама мүдделер қақтығыстарына қатысты кез келген ақпаратты жария етуге;

(f) Моңғолиямен, сол сияқты Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттермен де дипломатиялық қатынастардағы мемлекеттердің азаматтары болуға ; және

(g) бұрын қандай да бір түрде, оның ішінде осы Қосымшаның 6-бабына сәйкес, даумен ешқандай түрде байланысты болмауға тиіс.

3. Тағайындалған төрешілер екінші төреші тағайындалған күннен бастап он бес (15) күн ішінде өзара уағдаластық бойынша Төрелік топтың төрағасын таңдауға тиіс, оған қарсылық білдіруге мүмкіндік беретін, төменде санамаланған:

(a) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің немесе Моңғолияның азаматы мәртебесінің болуы; немесе

(b) Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің немесе Моңғолияның аумағында тұрақты тұрғылықты жерінің болуы өлшемшарттарының кез келгені қолданылмайды.

4. Егер қажетті тағайындаулар осы баптың 2-тармағында көрсетілген мерзімде жүзеге асырылмаған жағдайда кез келген дау Тарапы дау Тараптарының өзге уағдаластығы болмаса, БҰҰ Халықаралық Сотының (бұдан әрі "Халықаралық сот" деп аталады) Төрағасын тағайындайтын адам ретінде әрекет етуі үшін шақыруға құқылы. Егер Халықаралық соттың Төрағасы Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің немесе Моңғолияның азаматы болып табылса не тағайындайтын адам ретінде өз функциясын орындай алмаса, қажетті тағайындауды жүзеге асыруға сұрау салу Халықаралық соттың Вице-төрағасына немесе одан кейін жоғары тұрған, Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттің немесе Моңғолияның азаматы болып табылмайтын және тағайындайтын адамның функциясын орындай алатын өзінен кейін жоғары тұрған лауазымды адамға жіберіледі.

5. Егер осы бап бойынша тағайындалған төреші дауды шешу рәсімі барысында отставкаға берсе немесе міндеттерін орындау мүмкіндігінен айырылса, осы баптың 2-тармағында белгіленген тәртіппен он бес (15) күн ішінде төрешінің құқықтық мирасқоры тағайындалады, бұл ретте құқықтық мирасқорға барлық өкілеттіктер беріледі және оған бастапқыда тағайындалған төрешіні барлық міндеттері жүктеледі. Талқылау шеңберінде қолданылатын кез келген мерзімдер төреші отставкаға берген немесе міндеттерін орындау мүмкіндігінен айырылған күннен бастап және осындай төрешіні алмастыратын адам тандалған күнге дейін тоқтатыла тұрады.

6. Төрелік топтың Төрағасы өз тағайындауын қабылдайтын күн Төрелік топтың құрылған күні деп танылады.

9-бап

Төрелік топтың функциялары

1. Осы Қосымшаның 8-бабына сәйкес құрылған Төрелік топтың мынадай функциялары болады:

(a) іс бойынша фактілерді объективті бағалауды қоса алғанда, оның қарауына қойылған мәселеге, дау Тараптары сілтеме жасайтын осы Келісім ережелерінің қолданылуына және жауапкер Тараптан осы Келісім бойынша өз міндеттемелерін сақтамау фактісінің болуына объективті баға береді;

(b) өз шешімдері мен баяндамаларында анықталған фактілерді, өзінің қарауына ұсынылған дауды шешу үшін қажетті кез келген алынған нәтижелер мен қаулылардың басты негіздемесін өз қалауы бойынша айқындалатын тәртіппен баяндайды;

(c) дау Тараптарымен тұрақты негізде консультациялар жүргізеді және даудың өзара қолайлы шешімін тұжырымдау үшін барабар мүмкіндіктер ұсынады;

(d) дау Тарапының сұрау салуы бойынша кез келген қабылданатын шаралардың және (немесе) пайданы тоқтата тұрудың сәйкестігін өзінің түпкілікті баяндамасы арқылы айқындайды.

2. Осы Қосымша бойынша құрылған Төрелік топ осы Келісімнің ережелерін халықаралық жария құқықты түсіндірудің жалпыға бірдей танылған нормаларына сәйкес түсіндіруге тиіс. Төрелік топтың баяндамалары мен қаулылары Тараптардың осы Келісімде аталған ережелерде көзделген құқықтары мен міндеттемелерін толықтыра алмайды немесе оларға нұқсан келтіре алмайды.

10-бап

Төрелік топтың жұмыс істеу рәсімі

1. Төрелік топтың отырыстары осы баптың ережелеріне сәйкес өткізіледі.

2. Осы баптың 1-тармағын ескере отырып, Төрелік топ дау Тараптарының тыңдалу құқықтарына және өздерінің жеке талқылауларына қатысты өзінің жеке қағидалары мен рәсімдерін дау Тараптарымен келісе отырып реттеуге тиіс. Дау Тараптарының сұрау салуы бойынша немесе өзінің жеке бастамасы бойынша Төрелік топ дау Тараптарымен келіскеннен кейін осы баптың ережелеріне қайшы келмейтін қосымша қағидалар мен рәсімдерді қабылдауға құқылы.

3. Дау Тараптарымен келіскеннен соң Төрелік топ құрылғаннан кейін он (10) күн ішінде Төрелік топ отырыстарының графигін өзі айқындауға тиіс. Кейінге қалдыруға болмайтын, оның ішінде өзінің тұтынушылық құндылығын жылдам жоғалтатын тез бұзылатын тауарларға қатысты жағдайларда Төрелік топ пен Тараптар барынша мүмкін болатын дәрежеде талқылаулар жүргізуді жеделдету үшін барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс. График дау Тараптарының жазбаша құжаттарды берген нақты күндерін қамтуға тиіс. Төрелік топ мұндай графикке дау Тараптарымен келісе отырып түзетулер енгізуге құқылы.

4. Дау Тарапының сұрау салуы бойынша немесе өзінің жеке бастамасы бойынша Төрелік топ өз қалауы бойынша кез келген ғылыми немесе техникалық мәселе бойынша кез келген адамнан немесе органнан өзі қажет деп есептейтіндей түрде ақпарат іздестіруге және (немесе) консультация алуға құқылы. Төрелік топ мұндай ақпаратты іздестіруді бастағанға және (немесе) осындай консультацияны алғанға дейін бұл туралы дау Тараптарына өзі хабарлауға тиіс. Осындай тәртіппен алынған кез келген ақпарат және (немесе) қорытындылар дау Тараптары өз түсініктемелерін беруі үшін оларға ұсынылуға тиіс. Егер Төрелік топ өз баяндамасын дайындау кезінде ақпаратты және (немесе) консультациялардың нәтижелерін назарға алса, ол осындай ақпарат және (немесе) консультациялардың нәтижелері бойынша дау Тараптарының кез келген түсініктемелерін де ескеруге міндетті. Ақпарат және (немесе) консультациялардың нәтижелері ешқандай заңды міндеттемелерге алып келмейді.

5. Төрелік топ консенсусқа қол жеткізбеген жағдайда мұндай рәсімдік шешімдер, алынған нәтижелер мен қаулылар көпшілік дауыспен қабылдануы мүмкін болады деген шартпен Төрелік топ консенсус негізінде өзінің рәсімдік шешімдерінің, алынған нәтижелері мен қаулыларының мәтінін жасау үшін барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс. Төрелік топ өз баяндамасында бір ауыздан шешілмеген мәселелер бойынша төрешілердің әртүрлі пікірлерін, бұл ретте көпшілік немесе азшылық жағдайдағы төрешілердің жеке басын жария етпей жариялауға тиіс.

6. Егер дау Тараптары өзгеше уағдаласпаса, Төрелік топтың отырыстары жұртшылық үшін қолжетімді болмауға тиіс.

7. Дау Тараптарына талқылаулар шеңберінде кез келген сөз сөйлеу, мәлімдеме жасау немесе теріске шығару кезінде қатысуға мүмкіндік берілуге тиіс. Бастапқы баяндаманың сипаттау бөлігі бойынша кез келген түсініктемелерді және Төрелік топ қойған сұрақтарға жауаптарды қоса алғанда, дау Тарапы Төрелік топқа берген кез келген ақпарат немесе жазбаша ұсынулар екінші дау Тарапына да берілуге тиіс.

8. Төрелік топтың талқылаулары және ол ұсынатын құжаттар құпия сақталуға тиіс. Ішкі талқылауларды өткізу үшін Төрелік топ төрешілер ғана қатысатын жабық отырыстар шеңберінде жиналуға тиіс. Төрелік топ өз кеңестеріне өз ассистенттерінің де қатысуына рұқсат беруге құқылы. Дау Тараптары жиналыстарға Төрелік топ өздерін шақырған кезде ғана қатыса алады.

9. Осы Қосымшада ешнәрсе де дау Тарапының қаралатын мәселе бойынша өз ұстанымын жария етуіне кедергі келтірмейді. Екінші дау Тарапы Төрелік топқа ұсынған, осындай екінші дау Тарапы құпия ақпарат ретінде айқындаған ақпаратты дау Тарапы құпия сақтауға тиіс. Дау Тарапы екінші Тараптың сұрау салуы бойынша жұртшылыққа жария етілуі мүмкін жазбаша құжаттарда қамтылған ақпараттың құпия емес сипаттағы қысқаша шолуын да ұсынуға тиіс.

10. Тыңдауларды өткізу орны дау Тараптарының өзара уағдаластығы бойынша айқындалады. Уағдаластық болмаған жағдайда, тыңдаулар дау Тараптарының астаналарында кезекпен өткізілуге тиіс, бұл ретте бірінші тыңдау жауапкер Тараптың астанасында өткізілуге тиіс. Егер Еуразиялық экономикалық одақ осы Қосымшаның ережелеріне сәйкес дау Тарапы ретінде әрекет етсе, орындары кезектесіп өткізілетін тиісті тыңдаулар Ресей Федерациясының Мәскеу қаласында өтеді.

11-бап

Талқылауды тоқтата тұру және тоқтату

1. Төрелік топ дау Тараптарының бірлескен талабы бойынша өзінің жұмысын кез келген уақыт кезеңінде осындай бірлескен талапты алған күннен бастап ұзақтығы қатарынан он екі (12) айдан аспайтын мерзімге тоқтата тұруға тиіс. Бұл жағдайда дау Тараптары Төрелік топтың төрағасын жазбаша нысанда бірлесіп хабардар етуге

міндеттенеді, ал Бірлескен комитетке мұндай хабардар ету туралы хабарлануға тиіс. Осы уақыт кезеңі ішінде кез келген дау Тарапы Төрелік топтың төрағасына және екінші дау Тарапына жазбаша хабарлама жіберу арқылы Төрелік топқа оның жұмысын қайта бастауға уәкілегік бере алады. Егер Төрелік топтың жұмысы қатарынан он екі (12) айдан астам мерзімге тоқтатыла тұрған болса, егер дау Тараптары өзгеше уағдаласпаса, Төрелік топ құру құқығы өз күшін жояды (ал дауды реттеу рәсімі аяқталады). Төрелік топтың жұмысы тоқтатыла тұрған жағдайда осы Қосымша бойынша белгіленген тиісті мерзімдер Төрелік топтың жұмысы тоқтатыла тұрған кезеңге ұзартылады.

2. Төрелік топтың жұмысы Төрелік топтың түпкілікті баяндамасы ұсынылғанға дейін кез келген уақыт кезеңінде дау Тараптарының бірлескен сұрау салуы бойынша тоқтатылады. Бұл жағдайда дау Тараптары бұл туралы Төрелік топтың төрағасын бірлесіп хабардар етуге міндеттенеді, ал Бірлескен комитетке мұндай хабардар ету туралы хабарлануға тиіс.

12-бап

Төрелік топтың баяндамалары

1. Төрелік топтың баяндамалары дау Тараптары болмаған кезде жасалады және осы Келісімнің тиісті ережелеріне, өзіне ұсынылған құжаттарға және дау Тараптарының дәлелдеріне, сондай-ақ осы Қосымшаның 10-бабының 4-тармағына сәйкес берілген кез келген ақпаратқа және (немесе) консультацияларға негізделеді.

2. Төрелік топ өзінің бастапқы баяндамасын Төрелік топ құрылған күннен бастап тоқсан (90) күн немесе кейінге қалдыруға болмайтын, оның ішінде тез бұзылатын тауарларға қатысты жағдайларда алпыс (60) күн ішінде ұсынуға тиіс. Бастапқы баяндамада өзгелерден бөлек сипаттау бөлігі, сондай-ақ Төрелік топ анықтаған фактілер, тиісті ережелердің қолданылуы туралы мәліметтер, кез келген алынған деректердің басты негіздемесі, топтың ұсынымдары және оның тұжырымдары қамтылуға тиіс.

3. Төрелік топ осы баптың 2-тармағында көрсетілген мерзімде өзінің бастапқы баяндамасын ұсына алмайтындығы туралы қорытындыға келген айрықша мән-жайларда Төрелік топтың төрағасы дау Тараптарын кешіктіру себептері мен оның бастапқы баяндамасын ұсынудың болжамды мерзімі туралы жазбаша түрде хабардар етуге тиіс, ал Бірлескен комитетке мұндай хабардар ету туралы хабарлануға тиіс. Егер дау Тараптары өзгеше уағдаласпаса, кез келген кешіктіру отыз (30) күн кезеңінен аспайды.

4. Кез келген дау Тарапы, егер дау Тараптары өзгеше уағдаласпаса, Төрелік топтың бастапқы баяндамасы бойынша өзінің жазбаша түсініктемелерін оны алған күннен бастап он бес (15) күн ішінде ұсынуға құқылы. Өз кезегінде мұндай жазбаша түсініктемелерге екінші дау Тарапы оларды алған кезден бастап алты (6) күн ішінде

түсініктеме беруі мүмкін. Егер түсініктемелер Тараптардың бірде-біреуінен келіп түспесе, бастапқы баяндама түпкілікті баяндама ретінде қаралуға тиіс.

5. Дау Тараптары бастапқы баяндама бойынша ұсынған кез келген жазбаша түсініктемелерді қарағаннан соң және кез келген қосымша тергеп-тексерулер жүргізгеннен кейін Төрелік топ дау Тараптарына, егер дау Тараптары өзгеше уағдаласпаса, бастапқы баяндама ұсынылған кезден бастап отыз (30) күн ішінде дау бойынша қаулы мен бастапқы шешім қамтылған өзінің түпкілікті баяндамасын беруге тиіс. Кейінге қалдыруға болмайтын, оның ішінде тез бұзылатын тауарларға қатысты жағдайларда, егер дау Тараптары өзгеше уағдаласпаса, Төрелік топ бастапқы баяндаманы ұсынған күннен бастап он бес (15) күн ішінде өзінің түпкілікті баяндамасын ұсыну үшін барлық күш-жігерін жұмсауға тиіс.

6. Егер Төрелік топ көрсетілген мерзімді сақтаудың мүмкін еместігі туралы қорытындыға келсе, Төрелік топтың төрағасы кешіктіру себептерін және Төрелік топ өзінің түпкілікті баяндамасын ұсынуды жоспарлап отырған күнді көрсете отырып, дау Тараптарын бұл туралы жазбаша түрде хабардар етуге тиіс. Төрелік топ кез келген мән-жайларда, өзінің түпкілікті баяндамасын Төрелік топ құрылған күннен бастап бір жүз елу (150) күннен немесе кейінге қалдыруға болмайтын, оның ішінде тез бұзылатын тауарларға қатысты жағдайларда сексен (80) күннен кешіктірмей ұсынуға тиіс.

7. Егер Төрелік топ өзінің түпкілікті баяндамасында жауапкер Тараптың шарасы осы Келісімге сәйкес келмейді деп айқындаса, онда топ анықтаған фактілер және сәйкессіздікті жою туралы ұсынымы бар қаулы қамтылуға тиіс.

8. Дау Тараптары, егер дау Тараптарының бірде-біреуі қарсылық білдірмесе, дау Тараптары Төрелік топтың түпкілікті баяндамасын алған күннен бастап он бес (15) күн ішінде оны құпия ақпарат қорғалады деген шартпен жалпы жұрттың назарына жеткізуге тиіс. Бұл жағдайда түпкілікті баяндама дау Тараптарына баяндама ұсынылған күннен бастап жеті (7) күннен соң осы Келісімнің барлық Тараптарына да ұсынылуға тиіс.

9. Төрелік топтың шешімдері мен баяндамаларын Тараптар сөзсіз мойындауға тиіс. Олар жеке немесе заңды тұлғаларға қатысты қандай да бір құқықтар немесе міндеттемелер жасамайды. Төрелік топтың қаулысы шағымдануға жатпайды.

13-бап

Нақтылауға сұрау салу

1. Түпкілікті баяндаманы алған күннен бастап он (10) күн ішінде дау Тарапы Төрелік топқа түпкілікті баяндамада келтірілген, дау Тарапы екіұшты деп есептейтін кез келген қорытындыларды немесе ұсынымдарды нақтылауға жазбаша сұрау салуды жіберуге құқылы. Төрелік топ осындай сұрау салуды алған күннен бастап он (10) күн ішінде сұрау салуға жауап беруге тиіс.

2. Осы баптың 1-тармағына сәйкес сұрау салуды жіберу Төрелік топтың өзге шешімі болмаса, осы Қосымшаның 14-бабында және 17-бабында аталған мерзімдерге ықпал етпеуге тиіс.

14-бап

Қаулыны орындау

1. Дау Тараптары негізсіз кешіктірмей Төрелік топтың қаулысын сақтау үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға тиіс.

2. Төрелік топтың түпкілікті баяндамасын алған күннен бастап отыз (30) күн ішінде жауапкер Тарап талап қоюшы Тарапты төмендегілер туралы:

(а) осы баптың 1-тармағында белгіленген міндеттемелерді сақтау мақсатында өзі қабылдауға ниет білдіріп отырған шаралар туралы; және

(б) Төрелік топтың түпкілікті қаулысын сақтау үшін қажетті мерзім туралы хабардар етуге тиіс.

Бірлескен комитетке мұндай хабардар ету туралы хабарлануға тиіс.

15-бап

Ақылға қонымды уақыт кезеңі

1. Төрелік топтың қаулысын дереу сақтау мүмкін болмаған жағдайда, дау Тараптары Төрелік топтың түпкілікті баяндамасын орындау үшін ақылға қонымды уақыт кезеңінің ұзақтығын келісу үшін күш-жігер жұмсауға тиіс.

2. Дау Тараптары осы Қосымшаның 14-бабының 2(b) тармағына сәйкес ақылға қонымды уақыт кезеңі бойынша уағдаластыққа қол жеткізбеген жағдайда, кез келген дау Тарапы бастапқыда құрылған Төрелік топтан қаулыны сақтаудың ақылға қонымды уақыт кезеңінің ұзақтығын айқындауды жазбаша түрде сұратуға құқылы. Мұндай сұрау салу бір мезгілде екінші дау Тарапының назарына жеткізілуге тиіс, ал Бірлескен комитетке оның жіберілгені туралы хабарлануға тиіс. Төрелік топ ақылға қонымды уақыт кезеңінің ұзақтығын анықтап және осындай айқындау үшін негіздерді қамтитын өз шешімін дау Тараптарына тиісті сұрау салуды алған күннен бастап отыз (30) күн ішінде беруге тиіс.

3. Егер Төрелік топ осы баптың 2-тармағында белгіленген мерзімде ақылға қонымды уақыт кезеңінің ұзақтығын айқындай алмайды деген қорытындыға келсе, ол дау Тараптарына мұндай шешім қабылдау үшін қажетті болжалды мерзіммен бірге кешіктіру себептері туралы жазбаша түрде хабарлауға тиіс. Кез келген кешіктіру, егер дау Тараптары өзгеше уағдаласпаса, отыз (30) күннен аспауға тиіс.

4. Дау Тараптары кез келген уақыт кезеңінде Төрелік топтың түпкілікті баяндамасын орындау бойынша екі Тарапты да қанағаттандыратын шешімді іздестіруді жалғастыра алады.

5. Жауапкер Тарап осы Келісім бойынша өзінің міндеттемелерін сақтамауды жою және Төрелік топтың қаулысын сақтау үшін қабылданған кез келген шаралар туралы ақылға қонымды уақыт кезеңі аяқталғанға дейін кемінде отыз (30) күн бұрын талап қоюшы Тарапты жазбаша түрде хабардар етуге тиіс. Бірлескен комитетке мұндай хабардар ету туралы хабарлануға тиіс.

6. Дау Тараптары ақылға қонымды уақыт кезеңін ұзартуды келісуі мүмкін.

16-бап

Талаптарды сақтау

1. Дау Тараптары арасында Төрелік топтың түпкілікті баяндамасын сақтау үшін қабылданатын кез келген шараның сәйкестігіне қатысты келіспеушіліктер туындаған жағдайда, мүмкіндігінше дереу немесе осы Қосымшаның 15-бабына сәйкес айқындалған ақылға қонымды уақыт кезеңінде талап қоюшы Тарап бастапқыда құрылған Төрелік топтан осы мәселе бойынша шешімді жазбаша түрде сұратуға құқылы.

2. Осы Баптың 1-тармағына сәйкес сұрау салу Төрелік топқа төменде көрсетілген күндердің неғұрлым ертерегі басталғаннан кейін ғана жіберілуі мүмкін:

(а) осы Қосымшаның 15-бабына сәйкес айқындалған ақылға қонымды уақыт кезеңінің өткен күні; немесе

(б) жауапкер Тараптың осы Қосымшаның 14-бабының 1-тармағына сәйкес міндеттемені сақтау үшін жауапкер Тарап қабылдаған шаралардың сипаттамасын қамтитын, оның осындай міндеттемені сақтауы туралы хабарламаны талап қоюшы Тарапқа жіберген күні. Сұрау салуда даудың нысанасы болып табылатын нақты шараны айқындауға және мұндай шараның осы Келісімде көзделген ережелерді қалайша бұзатыны шағымның құқықтық негізін жеткілікті түрде дәл көрсетуге мүмкіндік беретін тәртіппен түсіндірілуіне тиіс.

3. Төрелік топ:

(а) жауапкер Тарап қабылдаған кез келген имплементациялық әрекеттің нақты аспектілерін; және

(б) осы Қосымшаның 14-бабының 1-тармағына сәйкес жауапкер Тараптың міндеттемені сақтауын объективті бағалауды қоса алғанда, өзінің қарауына ұсынылған мәселеге объективті бағалау жүргізуге тиіс.

4. Төрелік топ өз шешімін дау Тараптарына осы баптың 1-тармағына сәйкес сұрау салуды алған күннен бастап отыз (30) күн ішінде ұсынуға тиіс. Баяндама Төрелік топтың шешімін және осындай шешім үшін негіздерді қамтуға тиіс.

5. Егер Төрелік топ баяндаманы осы баптың 4-тармағында белгіленген мерзімде ұсына алмайды деген қорытындыға келсе, ол дау Тараптарына мұндай баяндаманы ұсыну үшін қажетті болжамды мерзіммен бірге кешіктіру себептері туралы жазбаша түрде хабарлауға тиіс. Кез келген кешіктіру, егер дау Тараптары өзгеше уағдаласпаса, отыз (30) күннен аспайды.

6. Бастапқыда құрылған Төрелік топтың құрамындағы төрешілердің кез келгені қолжетімсіз болған жағдайда осы Қосымшаның 8-бабында сипатталған рәсімдер қолданылады.

17-бап

Сақтамау жағдайындағы уақытша шаралар

1. Егер жауапкер Тарап Төрелік топтың қаулысын сақтамаса, мүмкіндігінше дереу немесе осы Қосымшаның 15-бабына сәйкес айқындалатын ақылға қонымды уақыт кезеңінде немесе:

(а) осы Қосымшаның 14-бабында көрсетілген мерзімде немесе ақылға қонымды уақыт кезеңі өтетін күнге дейін сақтау мақсатында кез келген шараны қабылдау туралы хабарлама жібермесе;

(б) талап қоюшы Тарапты Төрелік топтың қаулысын сақтауды жоспарламайтыны жөнінде хабардар етсе; және (немесе)

(с) егер бастапқыда құрылған Төрелік топ жауапкер Тарап осы Қосымшаның 14-бабына сәйкес Төрелік топтың қаулысын орындамады деген қорытындыға келсе, жауапкер Тарап талап қоюшы Тараптың сұрау салуы бойынша өзара қолайлы уақытша өтемақыны келісу мақсатында консультацияларды бастауға тиіс. Мұндай уағдаластыққа қол жеткізілмеген жағдайда сұрау салуды алған күннен бастап жиырма (20) күн ішінде талап қоюшы Тарап жауапкер Тарапты жазбаша хабардар еткеннен кейін жауапкер Тараптың мүддесі үшін осы Келісімге сәйкес берілетін басқаға берулердің немесе өзге де жеңілдіктердің қолданысын, бірақ Төрелік топ осы Келісімге сәйкес келмейді деп таныған баламалы шамада ғана тоқтата тұруға құқылы. Мұндай хабарлама осындай тоқтата тұру күшіне енген күнге дейін кемінде отыз (30) күн бұрын жіберіледі. Бірлескен комитетке мұндай хабардар ету туралы хабарлануға тиіс.

2. Басқаға берулердің қайсысын тоқтата тұруды таңдаған кезде талап қоюшы Тарапқа бірінші кезекте осы Келісімге сәйкес ұсынылатын басқаға берулердің немесе өзге де міндеттемелердің қолданысын тоқтата тұруды, оның ішінде Төрелік топ осы Келісімге сәйкес келмейді деп таныған шара ықпал ететін сол секторда немесе секторларда қарастырған жөн. Егер талап қоюшы Тарап осы Келісімге сәйкес ұсынылатын басқаға берулердің немесе өзге де міндеттемелердің қолданысын тоқтата тұру көрсетілген секторда немесе секторларда іс жүзінде жүзеге асырылмайды немесе тиімсіз деп пайымдайтын болса, ол осы Келісімге сәйкес ұсынылатын басқаға

берулердің немесе өзге де міндеттемелердің қолданысын басқа секторларда тоқтата тұруға құқылы.

3. Мұндай хабарламаны алған күннен бастап он бес (15) күн ішінде жауапкер Тарап бастапқыда құрылған Төрелік топтан осы Келісімге сәйкес ұсынылатын, талап қоюшы Тарап тоқтата тұруға ниеттенетін басқаға берулердің немесе өзге де жеңілдіктердің осы Келісімге сәйкес келмейді деп танылған шамаға бірдей екендігі туралы және болжалды тоқтата тұрудың осы Баптың 1 және 2-тармақтарына сәйкестігі туралы шешім қабылдауды сұратуға құқылы. Төрелік топтың қаулысы тиісті сұрау салуды алған күннен бастап отыз (30) күн ішінде ұсынылуға тиіс және оны Тараптар сөзсіз мойындайды. Төрелік топ өз қаулысын ұсынғанға дейін жеңілдіктер тоқтата тұруға жатпайды.

4. Осы Келісімге сәйкес ұсынылатын басқаға берулердің немесе өзге де міндеттемелердің қолданысын тоқтата тұру уақытша негізде қолданылады және оны талап қоюшы Тарап:

(a) Төрелік топтың түпкілікті баяндамасын сақтау мақсатында қабылданған және осы Келісімде қамтылған ережелерге сәйкес келмейді деп танылған кез келген шара жауапкер Тараптың осындай ережелерді сақтауын қамтамасыз ету үшін кері қайтарылғанға немесе өзгертілгенге дейін;

(b) Төрелік топ қаулыны іске асыру жөніндегі шара осы Келісімнің шешімі мен ережелеріне сәйкес келеді деген қорытындыға келгенге дейін; немесе

(c) Тараптар дауды өзге тәртіппен реттегенге немесе өзара қолайлы шешімге келгенге дейін ғана пайдаланады.

5. Дау Тарапының сұрау салуы бойынша бастапқыда құрылған Төрелік топ осы Келісімге сәйкес ұсынылатын басқаға берулердің немесе өзге де міндеттемелердің қолданысы тоқтатыла тұрғаннан кейін қабылданған іске асыру жөніндегі кез келген шаралардың өзінің түпкілікті баяндамасына сәйкес келетіндігі туралы және осындай қаулылар аясында жеңілдіктердің қолданысын тоқтата тұрудың күшін жою немесе өзгерту қажеттігі туралы шешім қабылдауға тиіс. Төрелік топтың қаулылары көрсетілген сұрау салуды алған күннен бастап отыз (30) күн ішінде қабылданады.

18-бап

Жалпы ережелер

Осы Қосымшаға сәйкес жіберілетін барлық хабарламалар, сұрау салулар мен жауаптар жазбаша түрде жасалады.

19-бап

Өзара қолайлы шешім

1. Дау Тараптары осы Қосымшаның 3-бабында көзделген кез келген дау бойынша кез келген уақыт кезеңінде өзара қолайлы шешімге қол жеткізе алады.

2. Егер дауды Төрелік топтың қарауы барысында немесе медиация рәсімі шеңберінде өзара қолайлы шешімге қол жеткізілген болса, дау Тараптары мұндай шешімді тиісінше Төрелік топ төрағасының немесе делдалдың назарына бірлесіп жеткізуге міндеттенеді, ал Бірлескен комитетке мұндай хабардар ету туралы хабарлануға тиіс. Мұндай хабарлама жіберілгеннен кейін Төрелік топ таратылады, ал медиация рәсімі тоқтатылады.

3. Әрбір Тарап келісілген мерзімдерде өзара қолайлы шешімді іске асыру үшін қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

4. Шешімді іске асыратын Тарап келісілген мерзім өткеннен кешіктірмей екінші Тарапты өзара қолайлы шешімді іске асыру үшін өзі қабылдаған кез келген шара туралы жазбаша түрде хабардар етуге тиіс.

20-бап

Мерзімдер

Осы Қосымшада белгіленген барлық мерзімдер, кері жағдайлар туралы нұсқаулар болмаса, әрекет жасалғаннан немесе өздері қатысы бар факт орын алғаннан кейінгі (хабархат, хабарлама, хабар немесе ұсыныс алынған) күннен бастап күнтізбелік күнмен есептеледі. Егер осындай мерзімнің соңғы күні адресат Тараптың мемлекетінде ресми мереке күніне немесе жұмыс істемейтін күнге тура келсе, мерзім осындай күннен кейінгі бірінші жұмыс күніне дейін ұзартылады. Кез келген мерзім ішінде болатын ресми мереке немесе жұмыс істемейтін күндер осындай мерзімнің есебіне енгізіледі.

Осы Қосымшада белгіленген кез келген мерзім дау Тараптарының өзара уағдаластығы бойынша өзгертілуі мүмкін.

Төрелік топ кез келген уақыт кезеңінде дау Тараптарына осындай ұсыныс үшін негіздерді көрсете отырып, осы Қосымшада аталған мерзімді өзгертуді ұсынуға құқылы

21-бап

Сыйақылар мен шығыстар

1. Егер дау Тараптары өзгеше уағдаласпаса:

(а) әрбір дау Тарапы өзі тағайындаған төрешінің барлық шығысын, Төрелік топ немесе медиация рәсімдеріне қатысудан туындайтын өз шығыстары мен сот шығыстарын өз мойнына алады; және

(b) Төрелік топ төрағасының, делдалдың шығыстары және Төрелік топта талқылаулар жүргізуге байланысты өзге де шығыстар дау Тараптары арасында тең үлеспен бөлінеді.

2. Дау Тарапының сұрау салуы бойынша Төрелік топ істің нақты мән-жайларын ескере отырып, осы баптың 1-тармағының b) тармақшасында аталған шығыстарды бөлу туралы шешім қабылдауға құқылы.

22-бап

Тілі

1. Осы Қосымша бойынша барлық талқылау ағылшын тілінде өтеді және жасалады.

2. Осы Қосымша бойынша талқылаулар шеңберінде пайдалану мақсатында ұсынылған кез келген құжат ағылшын тілінде жасалады. Егер кез келген құжаттың түпнұсқасы ағылшын тілінен өзгеше тілде жасалса, онда осындай құжатты ұсынатын дау Тарапы мұндай құжаттың ағылшын тіліне аудармасын ұсынуға тиіс.

Осымен аталған мәтін 2025 жылғы 27 маусымда Минск қаласында қол қойылған Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Моңғолия арасындағы уақытша сауда келісімінің толық және тең түпнұсқалық көшірмесі болып табылатынын куәландырамын:

Армения Республикасы үшін - Армения Республикасының Вице-Премьері М.Г.Григорян;

Беларусь Республикасы үшін – Беларусь Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Н.В. Петкевич;

Қазақстан Республикасы үшін – Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Ұлттық Экономика министрі С.М. Жұманғарин;

Қырғыз Республикасы үшін - Қырғыз Республикасы Министрлер кабинеті Төрағасының бірінші орынбасары Д.Д. Амангельдиев;

Ресей Федерациясы үшін - Ресей Федерациясы Үкіметі Төрағасының орынбасары А.Л. Оверчук,

Еуразиялық экономикалық одақ үшін Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының Төрағасы Б.Ә. Сағынтаев;

Моңғолия үшін - Моңғолия Премьер-министрінің бірінші орынбасары, Моңғолияның экономика және даму министрі, Моңғолияның Ұлы Мемлекеттік Хуралының мүшесі Ням-Осырын-Учрал.

Түпнұсқа данасы Еуразиялық экономикалық комиссияда сақталады.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Құқықтық департаментінің директоры*

Л.В. Щур-Труханович

Осымен 2025 жылғы 27 маусымдағы Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Моңғолия арасындағы уақытша

сауда келісімінің қазақ тіліндегі мәтіні ағылшын тіліндегі теңтүнұсқалы мәтініне сәйкес келетінін растаймын.

*Қазақстан Республикасының
Сауда және интеграция министрінің м.а.*

Ж.Кушукова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК